Алайда, қатысушы басқа адамдардың жария етілмейтін құпиясын, ақпаратын ешкімнің келісімінсіз бәсекелесі жария ете алады. Егер осылай болса, бәсекелестің іс-әрекеті оның бәсекелесі туралы ақпараттың коммерциялық құндылығын азайтуға және шығын келтіруге бағытталған. Бәсекелес ұстанымының әлсіреуі клиенттерді сатып алуға негізделген есептеулерге негізделеді. Бұл әрекеттер бәсекелестік болып саналады, егер олар ақпарат иесінің рұқсатынсыз жасалған болса. Егер ақпараттың иесі заңды тұлға болса, белгілі бір әрекеттерді, мысалы, оның атынан ақпаратты беру, пайдалану немесе жариялауды уәкілетті тұлға жүзеге асырады. Сонымен бірге, егер біреудің құпия ақпаратын иесінің рұқсатынсыз пайдалану кезінде іс-әрекет адал жүргізілсе (мысалы, ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған болса) бәсекелестік болып табылмайды. Құпия болып табылатын ақпаратты белгіленген тәртіппен ешкімнің жария етуге, оны иеленуге, пайдалануына билік етуіне құқығы жоқ, ал егер жария еткен жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заң алдында жауап береді.

Егер сол жария етілген ақпараттан келген зиянды зян келтіруші азаматтық заңнамалар негізінде өтеп беруге тиіс. Сонымен бірге моральдық шығында заңға сәйкес өтеледі [9, 391 б.]. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 10 бабының 6 тармағында коммерциялық құпияны, ол туралы ақпаратты, оны қорғау құралдарын, сонымен қатар коммерциялық құпияға жатпайтын ақпараттың тізбесін айқындау тәртібі сақталуы керек делінген. Сондай-ақ, бүгінгі күні бірқатар жылжымайтын мүлікпен айналысатын компаниялар монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуда. Ол туралы ақпарат ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің баспасөз қызметінен көруге болады. Мысал ретінде, «Табиғи монополиялар субъектісінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген міндеттемелерді бұзғаны үшін, бекітілген тарифтік сметаны орындамағаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы кодексінің 164-бабының 4-бөлігіне сәйкес Шымкент қаласы бойынша «КремцКиП», ПК «Абдулла», ЖШС ПМО «Шымкентжилстрой», «Кочкаров М» және Интер-Транс и К » әкімшілік жауапкершілікке тартылды [10].

**Қорыта келгенде,** бәсекелестік бір мақсатқа жетуде әр түрлі тұлғалар бәсекелестер арасындағы жарыс болып табылады. Кәсіпкерлікте бәсекелестік нарықтық шаруашылық қатысушыларының арасындағы өндірістің, тауарларды сатып алу мен сатудың үздік жағдайлары үшін және осының негізінде барынша мүмкін болатын пайда алғаны үшін бәсекелестік дегенді білдіреді. Бәсекелестіктің сипаты мен нысандары әр түрлі нарықтарда және әр түрлі жағдайларда бірдей емес, бұл бағаға, өнім өндіру көлеміне және кәсіпкерлік д-ти параметрлеріне қатысты шешімдер қабылдау кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Мороз С.П. *Предпринимательское (хозяйственное) право: Учебник для вузов / под ред. Мороз С.П. – Изд. 2-е, перер. и доп. – Алматы.: Издательство «Бастау», 2017. – 542 с.*

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 30.08. – Алматы: Жеті Жарғы. 2017. – 97 б.

3 Қазақстан Республикасының «Бәсекелестікті және монополистік қызметті шектеу туралы» 2001 ж. 19 қаңтар, № 144-ІІ Заңы//<http://adilet.zan.kz/kaz/> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

5 Өтемұрат О. «Монополистерге мүмкіндік беретін нормалардан сақ болу керек». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Өркениет, 2013. – 378 б.

6 Айтжанов А.Т, Князева И.В. Қазақстан Республикасы бәсекелестік туралы заңнамалары: Оқулық, Астана: 2015 -111 б.

7 Радостовец Н.В. Проблемы предупреждения преступных нарушений правил конкуренции: Монография. – М.: Статут, 2017. – 124 с.

8 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 275-V ҚРЗ / <http://adilet.zan.kz/kaz/> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

9 Қошқаров Ж. Экономикалы дамыған елдердің шағын кәсіпкерлігіндегі құпия ақпараттарды ұстау ерекшеліктері // Материалы международной научно-практической конференции / Библиотека предпринимательского права. Вып. №7. – Алматы, 2015. – 44-48 бб.

10 Қазақстан Республикасы Әкімшілік Құқық бұзушылық Кодексі Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ/ <http://adilet.zan.kz/kaz/> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

МРНТИ 10.27.01  
УДК 347

Сейілхан Үсен<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.д., профессор Ж.А. Хамзина

## АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада азаматтық құқықтарды қорғау мәселелері қарастырылады, олардың еркін және кедергісіз жүзеге асырылу мүмкіндігі қазіргі заманғы мемлекеттің құқықтық саясатының өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Автор қоғам таныған азаматтық құқық субъектілерінің мүдделерін тиісінше қорғауды қамтамасыз ету тұтастай алғанда азаматтық-құқықтық реттеудің басым міндеті ретінде, ал азаматтық құқықтар мен құқықтық мүдделерді қорғаудың тиімді тетігінің болуы шынайы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастырудың ажырамас шарты болып табылатынын атап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** азаматтық құқық, азаматтық-құқықтық реттеу, азаматтық айналым, құқықтық мемлекет, құқықтық қорғау, азаматтық құқықтарды қорғау тетігі, азаматтық құқықтарды қорғау нысандары.

Сейілхан Үсен<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский Национальный педагогический университет им. Абая  
Научный руководитель: Хамзина Ж.А., д.ю.н., профессор

## ВОПРОСЫ ЗАЩИТЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы защиты гражданских прав, возможность свободного и беспрепятственного осуществления которых выступает в качестве одного из актуальных направлений правовой политики современного государства. Авторы отмечают, что обеспечение надлежащей защиты признаваемых обществом интересов субъектов гражданского права предстает в качестве приоритетной задачи гражданско-правового регулирования в целом, а наличие эффективного механизма защиты гражданских прав и правовых интересов является неотъемлемым условием формирования подлинного гражданского общества и правового государства.

**Ключевые слова:** гражданское право, гражданско-правовое регулирование, гражданский оборот, правовое государство, правовая защита, механизм защиты гражданских прав, формы защиты гражданских прав.

*Seilkhan Ussen<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Abai Kazakh National Pedagogical University*

*Research supervisor: Zh.A. Khamzina, doctor of law, professor*

## CIVIL RIGHTS PROTECTION ISSUES

### *Abstract*

The article deals with the problems of civil rights protection, the possibility of free and unhindered exercise of which acts as one of the current directions of the legal policy of the modern state. The author notes that ensuring the proper protection of the interests of civil law subjects recognized by society appears as a priority task of civil law regulation in general, and the existence of an effective mechanism for the protection of civil rights and legal interests is an integral condition for the formation of a genuine civil society and a rule of law state.

**Keywords:** civil law, civil law regulation, civil turnover, legal state, legal protection, civil rights protection mechanism, forms of civil rights protection.

Азаматтық құқықтарды қорғау – бұл азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы теориясындағы маңызды категориялардың бірі болып табылады [1, 56 б.]. Бұл категорияның мәнін ұғынбау азаматтық, құқықтық санкциялардың сипаты мен ерекшеліктерін, оларды жүзеге асыру механизмі мен азаматтық, құқықтық бұзылуымен байланысты туындайтын өзге де мәселелерді түсінуге қиындық туғызады. Азаматтық айналым субъектілердің нақты азаматтық құқықтарын ғана танып қоймайды, сонымен қатар олардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етеді. Заттық құқықтар мен меншік құқығы ішінара шектеу болып табылмайды. Меншік құқығын қорғау институтына римдік жеке құқық кезеңінен бастап маңызды мағына берілген. Ал римдік жеке құқық аппараттық түсініктің негізін қалыптастырды.

Бұл зерттеудің маңыздылығы мынада көрініс табады, яғни меншіктің экономикалық қатынастары әрбір қоғамның негізін құрады, ал құқықтық реттеу осы қатынастырды бекітетін, реттейтін және қорғайтын нормалардың жүйесі ретінде пайда болады және сақталады. Қазіргі Қазақстан жағдайында меншік айрықша мағынаға ие, себебі, ол саяси және экономикалық өзгерістің түбегейлі базисі, демократияның қайнар көзі, сонымен қатар құқықтық мемлекетті құрудың негізгі шарты болып табылады. Сол себепті меншік қатынастарын қорғау барлық құқықтық жүйенің маңызды мақсаты болып табылады. Қазақстан Республикасында жекеменшік құқығының әрекет етуінің фундаментальді кепілі Конституцияның 6-бабында бекітілген, яғни Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жекеменшік танылады және бірдей қорғалады [2].

Бұл норма жоғарғы адамзат құндылығының құқықтары мен бостандықтарын жариялаумен тығыз байланысты, ал оларды тану, сақтау және қорғау мемлекеттің міндеті және экономикалық жүйеде жекеменшік үшін тиімді жеке қызығушылықты сақтауға тырысады және оған ерекше көңіл бөледі. Сөздің кең мағынасында алғанда құқықты қорғау деп құқықтың бұзылуына жол берілмейтіндей жағдай жасайтын қоғамдық қатынастар тәртібін мемлекеттің қолдауын айтамыз.

Қорғау құқығы бұзылған азаматтық құқықтары қалпына келтіруді қамтамасыз ету принципі, оларды сот арқылы қорғау азаматтық заңның негізгі бастауы ретінде айтылады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 2-бабы) [3].

Қатысушылардың қарауындағы субъективті азаматтық құқықтар тек қана нақты жүзеге асырылуға тиіс емес, сонымен бірге олар субъективтік құқықтың бұзылуымен пайда болған барлық жоғалтуларды өтеп, қалпына келтіруді, бұзылған құқықтарды түзетуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан проф. В.П. Грибановтың мынадай пікірі көңілге қонады: «құқық қорғау сипатының мүмкіндігі оның құқық өкілеттігі ретінде субъективтік материалдық талаптар мазмұнының өзімен белгіленеді» [4, 23 б.]. Демек кез келген субъективті азаматтық құқық қорғауға жатады, сонымен бірге осы құқықтың жүзеге асырушысы заңда қаралған құралдардың көмегімен оны қорғауға тиісті құқықты еншілейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 15-тарауының [3] шеңберінде азаматтық құқықтағы қорғануды кең мағынадағы меншік иесінің мүддесін қорғаудан айыра білу керек. Кең мағынада меншік иесінің мүддесін қорғау екі негізгі нысанға бөлінеді: юрисдикциялық және юрисдикциялық емес.

Қорғаудың юрисдикциялық түрі субъективті құқықтар бұзылғанда немесе дауға түскенде өкілетті мемлекеттік органдардың оны қорғауға араласуы болып табылады. Құқығы немесе заңдық мүддесі бұзылған тұста мемлекеттік немесе басқа да құзіретті органдарға (сот, аралық сот, жоғары инстанция және т.б.) шағымданады, әлгі аталған органдар өз кезегінде бұзылған құқықты қалпына келтіру және бұзықшылықты жою үшін өкілеттігіне сай қажетті шараларды қолданады. Қорғаудың юрисдикциялық нысаны бұзылған құқықтарды қорғаудың жалпы және арнайы тәртібін белгілейді. Жалпы тәртіпке сәйкес заңмен қорғалатын азаматтық құқықтардың мүддесін қорғау сот (төрелік немесе аралық сот) арқылы жүзеге асады.

ҚР Азаматтық кодекстің 9-бабы [3] жалпы тәртіппен қатар әкімшілік тәртібін де қарастырған. Әкімшілік тәртіппен жүзеге асырылатын меншік иесінің құқығын қорғау құралы шағым болып табылады, ол құқық бұзушылық нәтижесінде зардап шеккен құқық иесінің мүддесін қорғауға орай тиісті өкілетті органға беріледі. Кейбір заңдарда аралас, яғни меншік құқығы мен басқа да заттық құқық қорғаудың әкімшілік сот тәртібін қолданады. Мұндай жағдайда мүліктің меншік иесі мен иеленушісі сотқа шағынбас бұрын мемлекеттік басқару органына шағымданады. Қорғаудың юрисдикциялық емес нысаны заттың меншік иесі мен оны иеленушісінің мемлекеттік және басқа құзіретті органға бармай-ақ өз бетімен қорғауын білдіреді. ҚР Азаматтық кодекстің тұжырымдарында аталған әрекеттер «азаматтық құқықтардың өзін-өзі қорғауы» ұғымымен байланысты (АҚ-тің 9-бабы) және меншік құқығы мен басқа заттық құқықтарды қорғаудың бір әдісі ретінде қаралады.

Азаматтық құқықтың өзін-өзі қорғауы өзінің заңды табиғатында құқық қорғау әдісі болып табылмайтын өзіндік нысанын еншілейді деген пікір де бар. Мәселен, проф. А.П. Сергеев қорғанудың дербес түрі ретінде өзін-өзі қорғау құқығы сот және әкімшілік нысандарымен бірдей қаралуы керек дейді [5, 14 б]. Біздің де пікірімізше, өзін-өзі қорғау құқығына ешкімнің тиіспейтіндігін қамтамасыз етуге, бұзылған құқықты қалпына келтіріп, оның салдарын жоюға бағытталған өкілетті тұлғаның заң немесе шарт негізінде әрекет етуге жол берілген азаматтық құқықты қорғаудың дербес нысаны болып табылады.

Жоғарыда айтылған құқықтық қорғаудың кең мағынасын меншік құқығын қорғаудың (және басқа да заттық құқықтың) арнайы құрал жүйесінен айыра білуі керек. Мұндай арнайы қорғану құқық бұзушылықтың сипатына байланысты келеді. Меншіктің абсолютті құқығы немесе басқа да заттық құқығы (мысалы, мүлікті алып қою) ретінде тікелей құқық бұзушылық кезінде заттық-құқықтық сипаты бар құралдары оны қорғауға кіріседі. Құқық бұзушы мен өкілетті тұлға арасында міндеттемелік қатынас болған ретте (мысалы, жалға алушы шартта көрсетілген мерзімде затты меншік иесіне қайтаруға тиіс болса) міндеттемелік құқықтың қорғау құралдары қолданылады. Міндеттемелік-құқық құралы талап қоюға тән нәрсе, ол бірден меншік құқығынан көріне бермейді, азаматтық құқықтың басқа институттарына негізделеді, яғни міндеттемелік талап қою меншік құқығын тікелей емес, соңында, яғни ақыр аяғында қорғайды. Ал меншік құқығын қорғаудың заттық-құқықтық құралы меншік құқығын қорғауға тікелей бағытталуымен сипатталады және қандай да бір нақты міндеттемемен байланыста болмайды. ҚР-ның заңдары жәбірленушінің құқық бұзушыға қарсы талап қою түрін таңдау мүмкіндігін (айталық, шарттық немесе заттық-құқықтық) бермейді, бұл орайда шетелдердегі «талап қою бәсекесі» деп аталатын жағдайларды қолдамайды.

Азаматтық құқық институттарының әр түрінен туындайтын не заттық-құқықтық, не міндеттемелікке жатпайтын ерекше қорғау тобы белгіленген. Мысалы, хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе өлді деп жарияланған адамдардың меншікке мүліктік құқықтарын қорғау (ҚР АҚ-тің 29, 32-баптары), кепіл ұстаушының жауапкершілігі туралы және т.б. болып табылады. Азаматтық құқықтар мен оған тиесілі міндеттер кез келген құқық қатынастарының, оның ішінде азаматтық құқықтың да түп қазығы болып табылады. Субъективті құқықтардың сипаты олардың

саралауы арқылы көрінеді. Біріншіден, абсолюттік (шек қойылмаған) және арақатысты құқық болып бөлінеді. Оларға тән ортақ қасиет аталған құқыққа сәйкес міндет кімнің мойнына жүктелетіндігіне байланысты мәселе деуге болады. Кейбір құқықтар азаматтық айналымға басқа қатысушылардың бәрін де құқықтардың жүзеге асуына бөгет жасамайтын етіп міндеттейді. Абсолюттік азаматтық құқық мазмұны жағынан қарама-қарсы тұрған арақатысты құқық: бұл құқық бойынша міндетті болатын бір ғана белгілі жақ немесе бірнеше белгілі жақтар. Бұл құқықтың сол міндетті болған субъектіге не міндетті субъектілерге ғана күші бар, сондықтан бұл міндетті бұзатын тек солар ғана.

Екінші саралау азаматтық құқықты заттық және міндеттеемелік деп бөледі. Заттық құқық деп заттар жөнінде туатын құқықты айтады. Бұл құқықтың иесі өзінің осы құқығын басқаның көмегіне мұқтаж болмай-ақ, тікелей іске асыра алады. Заттық құқықтардың ішіндегі бастысы – меншік құқығы. Меншік құқығы затқа тән, сондықтан да зат меншік иесінің тікелкі иелігінде болады, меншік иесі мен заттың арасында ешқандай делдалдық деген жоқ. Сатып алушының затқа құқығы міндеттеемелік деп бағаланады. Ол затты, яғни тек сатушының, яғни міндетті адамның қатысуымен ғана ала алады. Заттық құқықтар абсолюттік құқық, ал міндеттеемелік құқық – арақатысты құқық болып табылады.

Саралаудың үшінші түрінде құқық мүліктік және мүліктік емес деп бөлінеді. Сонымен азаматтық айналымға қатысушылар өздерінің құқықтарын емін-еркін қолдана алады. Дегенмен де заң азаматтық құқықтарды жүзеге асыру шектерін айқындайды. Біріншіден, оның азаматтық құқығын басқа біреуге қасақана залал келтіру үшін пайдалануына тыйым салады, сондай-ақ өзге де құқық түрлерін қолдану арқылы әлгіндей мақсатқа жол берілмейді. Мұндай құқықтарды өзге біреуге залал ету үшін қолданылуын айқындау сот тәжірибесінде мүмкін бе, мүмкін емес пе, айта қою қиын. Ал құқықты тұлғаның өзінің бас пайдасына жолсыз пайдалануының өзге түрлеріне келетін болсақ, ол азаматтық құқықтарды жүзеге асыруды шектеуде ескерілген. Бәсекелес кезінде коммерциялық ұйымдардың азаматтық құқығын шектеу олардың бас пайдасы үшін жолсыз әрекеттерге баруына тосқауыл қоюдан туындаған. Бәсекені шектеу белгілі бір тауар өндірушіден тек бір-екі фирманың ғана тауар алу мүмкіндігінен көрінеді. Коммерциялық ұйымдардың өзін жоғары қоюы деп оның монополистік пиғылмен бағаны аспандатып жіберуін айтады. Бұл өзі кеңінен таралған құбылыс.

Бұзылған немесе дауға түскен азаматтық құқық сотпен қорғалады. Бұл орайда сот әртүрлі тәсілдерді қолданады.

Құқықты тану. Бұл жағдайда сот кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екендігін, кімнің құқығына жөнсіз қиянат жасалғанын анықтайды. Мұрагерлік жөніндегі дауда мұрагердік біреуі өзгесінің құқығын мойындамаса, онда сот мұрагерлікке құқықты тану жөнінде шешім шығарады. Бастапқы жағдайда қалпына келтіру және құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу. Оған мысалретінде затты заңсыз иеленушіден алып беру құқығын, сондай-ақ оны бұрынғы заңды иесіне қайтаруды айтуға болады. Егер сіз затыңызды жоғалтып алып, оны біреуден көрсеңіз, сот арқылы әлгі затыңызды қайтара аласыз.

Залалды өтеу. Егер тараптарға оның құқығын бұзу арқылы залал келтірсе, онда ол құқық бұзушыдан толық түрде өтемін талап етуге құқылы. Залал бұл арада келтірілген материалдық зиянның ақшалай көрінісі болып есептеледі. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде заладың екі түрі қарастырылады. Біріншісі – нақты нұқсан келтірілген залал, яғни мүліктің жоғалуы немесе зақымдануы, немесе бұзылған құқықты қалпына келтіруге кететін шығын. Екіншісі – алынбай қалған табыстар (айырылып қалған пайда) яғни дағдылы айналым жағдайында оның алуына болатын, бірақ алынбай қалған табыстарды егер ол түскен болса, онда құқық бұзылмаған болар еді.

Міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару. Жәбірленушінің көбіне-көп өз құқығын қалпына келтіруде көңілі көншімейді, сондықтан да ол құқығын бұзушыдан келген залалды сол күйінде қалпына келтіруді талап етеді. Егер сіздің сатып алған теледидарыңыз кепілдік мерзім ішінде істен шығып қалса, онда оны алған жерден ауыстырып беруді талап етесіз, сөйтіп міндетті заттай сол қалпына орнына келтіруге мәжбүр етуге құқыңыз бар.

Моральдық залалды өтеу. Моральдық залал деп азаматтардың материалдық игілігі болып саналмайтын және мүліктік емес құқығын бұзу арқылы оған дене немесе рухани залал келтіруді айтады. Оған мысал ретінде отбасындағы құпияны азаматтың еркінен тыс жария етуді немесе оның атын жамылып жарамсыз қылықтар жасауды және т.с.с. келтіруге болады. Азаматтың талабы бойынша сот құқық бұзушыға келтірген моральдық залалды ақшалай өтеуді міндеттей алады. Мұндай өтемнің көлемін сот қана анықтайды. Бұл бір жағынан алғанда оңай шаруа емес, өйткені, залалдың көлемін анықтауда белгілі бір қойылған шек жоқ. Ол үнемі ақшамен есептеуге келе бермейді.

Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау. Азамат пен ұйым өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды теріске шығару үшін сотқа жүгінеді. Сотқа жүгіну ондай мағлұматтарды таратушы адам әлгі таратқан мағлұматтарының шындыққа сай екендігін дәлелдей алмаған жағдайда жүзеге асады. Егер мұндай мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, онда сол бұқаралық ақпарат құралдарында берілген мағлұмат тегін түрде теріске шығарылуға тиіс. Егер аталған мағлұматтар ұйымнан шыққан құжатта болса, бұл құжаттағы мағлұматтардың шындыққа сай келмейтіндігі туралы тиісті адамға міндетті түрде хабарлана отырып, мұндай құжат алмастырылуға немесе кері сұратылып алынуға тиіс. Сонымен, тұлға таратылған жалған мағлұматтар арқылы өзіне келген залалды (моральдық зиянды) өтеуді талап етуге қақысы бар.

Енді тағы бір тәсіл – өзін-өзі қорғауға тоқтала кетелік. Осы сөз тіркесінің өзінен көрініп тұрғандай, азамат пен ұйым өзінің құқығын өзі қорғайды. Бұл орайда өзін-өзі қорғау тек құқық бұзушыға және оның әрекеттерін жоюға ғана бағытталуы тиіс. Тәжірибеде өзін-өзі қорғау жиі кездеседі. Мысалы, телефон станциясы абонентті көрсетілген қызметке төлемді үнемі уақытылы төлемегені үшін байланыс жүйесінен айырып тастайды. Мұндай өзін-өзі қорғау құқығы кепіл, мүлікті қорғау шарасы, қажетті қорғану және т.б. түрлерінде кездеседі.

Қорыта келе, азаматтық құқықты қорғаудың жаңа құралдары ҚР АҚ-тің 9-10 баптарында қарастырылған [3], бұл баптарда бұрын-соңды заңдарда қаралмаған жолдары көрсетілген. Мысалы, моральдық зиянды өтеу, яғни тұлғалардың өзіндік мүліктік емес иеліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемітілуі немесе олардан айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген жан азабы немесе тән азабы. Моральдық шығын ақшалай нысанда төленеді. Екінші бір жағдай, ол мемлекеттік билік органының заңдарға сай келмейтін құжат шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының әрекетімен (яки әрекетсіздігімен) келтірілген залалды өтеу механизмі енгізілген (ҚР АҚ 9-баптың 5-тармағы). Азаматтық-құқықтық қорғаудың әдістері дегеніміз: а) зат иесінің ол затты біреудің заңсыз иеленуінен өзіне зат күйінде қайтарылуын талап етуі (виндикация); ә) иемдену еркінен айырмайақ заңды пайдалануға жасалып отырған кедергіні жоюды талап ету (негаторлық талап); б) затты жойып жіберген немесе бүлдірген жағдайда зиянның (шығынның) орнын толтыру (ақшалай құнын өтеу); в) басқа бір адам негізсіз ие болған немесе сақтап қалған, виндикация жолымен немесе зиянның орнын толтыру арқылы қайтарып алуға болмайтын заттың құнын зат иесіне ақшалай төлеу.

Меншік құқығын қорғаудың алғашқы екі әдісі меншік иесіне затты сол қалпында иемдену, пайдалану және оған билік жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Талап ету – затты иесіне қайтару немесе пайдалануға тигізіп отырған кедергіні жою туралы сотқа қойылған талап заттық-құқықтық талап деп аталады. Аталған әдістердің соңғы екеуі міндеттемелік құқығына жатады – мұндай жағдайда меншік иесіне заттың ақшалай ақысы төленеді, ал тиісті талаптар міндеттемелік талаптар деп аталады.

Қорғау құқығы проблемасы бұл тек материалдық құқықтың ғана проблемасы емес, ол сонымен бірге азаматтық іс жүргізу құқығының да проблемасы болып табылады. Сонымен бірге азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында қорғау құқығы, әдетте, талап қою құқығы туралы мәселеге келіп тіреледі. Бұл орайда талап қоюға құқық туралы мәселені шешуде айтарлық алшақтық туындайды. Меншік құқығын қорғаудың тиімді құралын іздестіруде заңдық рәсімдерді жеңілдетуге деген ынта күшейе түсті. Қазақстанда талап қоюға байланысты жалпы іс



жүргізу тәртібі өте-мөте ауқымды болғанын айта кеткен жөн. Сондықтан да азаматтық сот құқықтық рәсімдері арқылы іс жүргізу, әсіресе бұйрық арқылы іс жүргізу (Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексімен) [6], ықшамдай түсу сотпен қорғау ісінің тиімділігіне жағдай жасайды. Әдебиеттерге қарағанда, көптеген елдерде бұйрық арқылы іс жүргізу бар екендігін көреміз, айталық, ол көне рим, ағылшын, басты герман және швед үлгілері түрінде кездеседі. Мысалы, рим құқығында сот бұйрығының болмысы преторлық қорғау нысанында болды, претор өтініш берушінің тілегі бойынша қандай да бір әрекеттерді тоқтатын болған, бұл орайда ол өтініш берушінің бұзылған мүддесін ескерген. Мұндай үкім интердикті деп аталады. Ал герман құқығында да шарт қойылған және сөзсіз сот бұйрығы бар. Мысалы, оның соңғысы соттың бұйрығынан немесе тыйым салуынан көрінеді, онда жауапкердің қойылған мәселе бойынша ақталуына жол берілмейді. Ондай бұйрықтарды беру жауапкерді шақырмай-ақ және оның түсіндірмесін тыңдамай-ақ талап қоюшының бір жақты өтінішімен жүзеге асырылады. ҚР АПК-ның 139-бабына сәйкес сот бұйрығы былайша айқындалады: «өндіріп алушының ақшалай сомаларды өндіріп алу немесе жылжымайтын мүлікті борышкерді немесе өндіріп алушыны олардың түсіндірмелерін тыңдау үшін шақырмай-ақ және сотта іс қарамай-ақ, даусыз талаптар бойынша борышкерден талап ету туралы арызы бойынша шығарылған судьяның актісі болып табылады» [7, 62 б.].

Заң бойынша қорғау объектісі тек қана субъективтік азаматтық құқықтар ғана емес, сонымен бірге ол заңдармен қорғалатын мүдделерді де қамтиды. Қорғалатын мүдделер субъективтік құқыққа байланысы жоқ дербес түрде бола алады. Мысалы, оған адамның ар-намысы мен абыройы жатады. Қорғауға жататын мүдде құқық бұзушылық нәтижесінде субъективтік құқықтың өзі тоқтатылған жағдай да болуы мүмкін. Мысалы, зат жойылып кеткен кезде оған меншік құқығын қорғау мүмкін болмай қалады. Мұндай жағдайда бұрынғы меншік иесінің заңмен қорғалатын мүддесін қорғау және мүліктік жағдайын қалпына келтіру мәселесі қойылуы мүмкін. Демек, заңмен қорғалатын мүдде қорғаудың дербес объектісі ретінде жиі кездесетінін байқаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Новицкий И.Б. Римское право. – М., 1993. – 187 с.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2021. – 40 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. – Алматы: Юрист, 2021. – 458 б.
- 4 Грибанов В.П. Пределы осуществления и защиты гражданских прав. – М., 2010. – 281 с.
- 5 Сергеев А.П. Защита гражданских прав. В кн. Гражданское право. – М., 2007. – 301 с.
- 6 Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. – Алматы: Юрист, 2021. – 144 б.
- 7 Жалғасбаев Т.К., Меирбекова Г.Б. Азаматтық сот өндірісінде дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу ерекшеліктері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Юриспруденция» сериясы, 2021. - №4 (66). – Б. 61-66.



МРНТИ 10.27.01  
УДК 347

Б.А. Тайторина<sup>1</sup>, М.Т. Бейсенбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

<sup>2</sup>Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ГАЗ САЛАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасының газ саласын құқықтық реттеу мәселелері заңнаманы талдау негізінде қаралды. Авторлар негізінен табиғи газдың меншікті ресурстары есебінен газ тасымалдау жүйесін кезең-кезеңімен дамыту және газға деген ішкі сұранысты – экологиялық таза отын түрі ретінде-ұлғайту үшін жағдай жасауды мақсат ететін Қазақстан Республикасының газ саласын реттеудің қазіргі заманғы нормативтік құқықтық базасын талдады.

Зерттеуде мемлекеттік тігінен интеграцияланған компанияның (ұлттық оператордың) тетігі газ саласын дамытудың бастапқы кезеңдерінде неғұрлым тиімді болып көрінетіндігі жөнінде; сондай-ақ шет елдердегі газ саласын реттеу оның әрбір нақты мемлекеттің даму деңгейіне байланысты айтарлықтай ерекшеленеді деген тұжырым жасалды.

Отын-энергетика кешенінің дамуы мультипликациялық әсер береді. ОЭЖ саласындағы инвестициялар елдің инфрақұрылымын белсенді дамытуға, озық технологиялар трансферін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, экономиканың инновациялық дамуына ықпал етеді, еңбекке қабілетті халықтың едәуір бөлігінің жұмыспен қамтылуына кепілдік береді, осының негізінде әлеуметтік саланың дамуына ықпал етеді.

**Түйін сөздер:** құқықтық реттеу, заңнама, құқық, газ, газ саласы, газбен жабдықтау, жер қойнауын пайдаланушылар, кен орны, энергетикалық нарық

Тайторина Б.А.<sup>1</sup>, Бейсенбаева М.Т.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

<sup>2</sup>Казахский национальный аграрный университет

## ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Аннотация*

В статье на основе анализа законодательства рассмотрены проблемы правового регулирования газовой отрасли Республики Казахстан. Авторами подвергнута анализу современная нормативная правовая база регулирования газовой отрасли Республики Казахстан, имеющая целью создание условий для поэтапного развития газотранспортной системы и увеличения внутреннего спроса на газ – экологически чистого вида топлива – в основном за счет собственных ресурсов природного газа. В исследовании сделаны выводы о том, что регулирование газовой отрасли в зарубежных странах значительно различается в зависимости от уровня ее развития в каждом конкретном государстве; механизм государственной вертикально-интегрированной компании (национального оператора) представляется наиболее эффективным на начальных этапах развития газовой отрасли. Развитие топливно-энергетического комплекса дает мультипликационный эффект. Инвестиции в отрасли ТЭК позволяют активно развивать инфраструктуру страны, осуществлять трансфер передовых технологий, способствуют инновационному развитию экономики, гарантируют занятость значительной части трудоспособного населения, тем самым способствуя развитию социальной сферы.

**Ключевые слова:** правовое регулирование, законодательство, право, газ, газовая отрасль, газоснабжение, недропользователи, месторождение, энергетический рынок.

*B.A. Taitorina<sup>1</sup>, M.T. Beissenbayeva<sup>2</sup>*  
*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*  
*<sup>2</sup>Kazakh National Agrarian University*

## LEGAL REGULATION OF THE GAS INDUSTRY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

### *Abstract*

In the article, based on the analysis of legislation, the problems of legal regulation of the gas industry of the Republic of Kazakhstan are considered. The authors analyzed the modern regulatory legal framework for regulating the gas industry of the Republic of Kazakhstan, which aims to create conditions for the gradual development of the gas transportation system and increase domestic demand for gas - an environmentally friendly type of fuel - mainly due to its own natural gas resources. The study concludes that the regulation of the gas industry in foreign countries varies significantly depending on the level of its development in each particular state; the mechanism of the state vertically integrated company (national operator) seems to be the most effective at the initial stages of the development of the gas industry. The development of the fuel and energy complex has a multiplier effect. Investments in the fuel and energy sector make it possible to actively develop the country's infrastructure, carry out the transfer of advanced technologies, contribute to the innovative development of the economy, guarantee the employment of a significant part of the working population, thereby contributing to the development of the social sphere.

**Keywords:** legal regulation, legislation, law, gas, gas industry, gas supply, subsoil users, field, energy market.

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасы (2014 жылдың соңында қабылданған) Қазақстанның ішкі газ тұтынуды ұлғайту жөніндегі жоспарларын ресми түрде бекітілді. Аталған құжаттың мақсаты-газ тасымалдау жүйесін кезең-кезеңімен дамыту және негізінен табиғи газдың меншікті ресурстары есебінен экологиялық таза отын түрі болып табылатын газға ішкі сұранысты ұлғайту үшін жағдай жасау.

2012 жылғы 9 қаңтардағы "Газ және газбен жабдықтау туралы" ҚР Заңы жер қойнауын пайдаланушылар иеліктен шығаратын шикі газды және жер қойнауын пайдаланушылар өндірген тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің басым құқығына қатысты нормаларды қамтиды. Басым құқықты Ұлттық оператор – ҚР тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Үкімет құратын және газбен жабдықтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын компания іске асырады. Заңда көзделген мемлекеттің басым құқығы заңда көзделген белгілі бір ерекшеліктерге ие. Басым құқық: газ және (немесе) газ конденсаты кен орындарында өндірілетін шикі газды және одан өндірілген тауарлық газды; газ және (немесе) газ конденсаты кен орындарында өндірілетін шикі газдан өндірілген тауарлық газды; қайта газдандыру процесінде алынған сұйытылған табиғи және тауарлық газды; ҚР халықаралық шарттарына сәйкес өткізілетін шикі газды; Қазақстан Республикасынан тыс өндірілген, газ тұтыну үшін әкелінген тауарлық газды өткізу жағдайларына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстанда өндірілетін шикі газдан Қазақстаннан тыс өндірілген тауарлық газ; газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) шарты негізінде өндірілген тауарлық газға қолданылмайды. Бұл ретте газбен жабдықтау саласындағы МЖӘ деп ҚР-ға тиесілі ілеспе газды қайта өңдеу бөлігіндегі ынтымақтастық түсініледі. Мемлекет газбен жабдықтау жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін және осындай объектілер меншік иелерінің қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) сатып алуға басым құқыққа ие. Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және жер қойнауы туралы Заңға сәйкес ҚР-ға тиесілі ілеспе газ және жер қойнауын пайдаланушылар мемлекет меншігіне берген ілеспе газ мемлекет меншігінде болады. Ілеспе газ уәкілетті органның шешімі бойынша ол айқындаған көлемде газ және газбен

жабдықтау саласындағы МЖӘ шарты шеңберінде инвестордың меншігіне беріледі. Қазақстан Республикасына тиесілі ілеспе газдан тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын өндіретін жер қойнауын пайдаланушылар уәкілетті органның шешімі бойыншатауарлық газды ұлттық операторға тараптар МЖӘ шеңберінде тартылатын инвесторға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газды келіскен баға бойынша бере алады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Газ тасымалдау бөлігінде де белгілі бір шектеулер белгіленеді. Атап айтқанда, газ тасымалдау ұйымдары тауарлық газды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөнінде: Ұлттық операторға; тауарлық газ өндірушілерге; жер қойнауын пайдаланушыларға – өздері өндірген шикі газды қайта өңдеу кезінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелеріне; Қазақстан арқылы оның транзитін жүзеге асыратын, Қазақстаннан тыс жерде өндірілген тауарлық газдың иелеріне ғана қызметтер көрсетуге құқылы. Бұл ретте газ тасымалдау ұйымы газ ҚР техрегламенттері мен МЕМСТ-тарының талаптарына сәйкес келмеген және мемлекеттің басым құқығын сақтау туралы құжаттар берілмеген жағдайда газ тасымалдаудан бас тартуға міндетті.

Сұйытылған мұнай газын және табиғи газды тасымалдауға қатысты бірқатар шектеулер белгіленеді. Сұйытылған мұнай және табиғи газды Қазақстаннан тыс жерлерге темір жол, авто, теңіз және ішкі су көлігімен тасымалдауды: сұйытылған мұнай және табиғи газ өндірушілер; өздеріне тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу кезінде өндірілген сұйытылған мұнай және (немесе) табиғи газдың меншік иелері; Қазақстаннан тыс жерде өндірілген сұйытылған мұнай және (немесе) табиғи газды Қазақстаннан әкету ниеті бар оның иелері жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте Қазақстаннан сұйытылған мұнай газын және (немесе) табиғи газды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін тұлғалар мұндай қызметтерді жоғарыда аталған тұлғаларға ғана көрсетуге құқылы. Осылайша, ҚР заңнамасы ҚР Газ және газбен жабдықтау саласын қатаң реттеуді белгілейді, өйткені белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға (газды тасымалдау, өткізу, газбен жабдықтау жүйесінің объектілерін сатып алу және сату және т.б.) бірқатар шектеулер енгізеді. Мемлекет тарапынан Қазақстанда газ өткізуге айтарлықтай бақылау қарастырылған. Бұл ретте елде газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесін құру үшін алғышарттар жасалады. Бірыңғай экономикалық кеңістіктің (БЭК) нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде 2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеуде газ тасымалдау жүйелері бойынша газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізу қағидалары туралы келісімге қол қойылғанын атап өткен жөн. Бұл келісім баға белгілеу және тарифтік саясат негіздерін қамтиды және ҚР 2011 жылғы 2 мамырдағы № 434-IV Заңымен ратификацияланған.

Газ саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің негізгі ауқымын "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі; "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; "Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы кұрайды. Осы саланы құқықтық реттеуді дамыту үшін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру тұжырымдамасы туралы" 2016 жылғы 31 мамырдағы №7 шешімінің маңызы зор: Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасының іс-шараларын орындау аяқталғаннан кейін мүше мемлекеттер одақ шеңберінде одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарт жасасады, онда мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалдау жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай қағидалары, оның ішінде, және оның 2025 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей күшіне енуін қамтамасыз етеді.

Дәлелденген газ қоры бойынша Қазақстан әлемде ТМД елдері арасында 18-ші және 3-ші орында. Қазақстан Республикасының геологиялық газ ресурстары (Каспий қайраңындағы ашылған жаңа кен орындарын ескере отырып) 6-7 трлн. м<sup>3</sup>. алынатын қорлар шамамен 3,8 трлн. м<sup>3</sup> газ.

Қазақстан Республикасында газ өнеркәсібін дамыту үшін негізгі шектеулер: газ қорларының негізгі үлесі мұнай – газ конденсатты кен орындарының ілеспе мұнай газына (бұдан әрі-ІМГ) келеді; ІМГ тазарту және тауарлық газды одан әрі өткізу үшін экономикалық ынталандырулар жоқ; Қазақстанның негізгі өңірлеріне тауарлық газды өткізу үшін газ тасымалдау инфрақұрылымы жоқ.

Негізгі газ құбырлары Қазақстан аумағы арқылы Ресей мен Қытай бағытында Түрікмен және Өзбек газының халықаралық транзитін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Газ өнеркәсібінің негізгі мақсаты ішкі нарықта газды тиімді өндіру және пайдалану үшін инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Ұзақ мерзімді перспективада газ өнеркәсібінің негізгі міндеттері: ІМГ өңдеуге арналған технологиялар мен инфрақұрылымды дамыту; сұйытылған табиғи газды пайдалануға арналған инфрақұрылымды дамыту; Солтүстік Қазақстан өңірлерін газ тасымалдау инфрақұрылымымен қамтамасыз ету болып табылады; шалғайдағы аудандарды және СҚГ-ға мотор отындары нарығын газдандыруды дамыту; қосылған құны жоғары мұнай-химия өнімін ала отырып, газды қайта өңдеудің жоғары бөліністерін дамыту.

Жаһандық трендтерге шолу. Қазіргі уақытта әлемде тұтынылатын энергия ресурстарының шамамен 85%-ы қазбалы отын түрлеріне тиесілі, бұл ретте газға шамамен 24% тиесілі, бұл шамамен 3,35 трлн. жылына м<sup>3</sup>. Болашақта, қолда бар болжамдардың көпшілігіне сәйкес, әлемдік энергия теңгеріміндегі газдың рөлі күшейе түседі, бұл осы энергия тасымалдаушының жоғары экологиялық тазалығымен де, салыстырмалы түрде үлкен қорларымен де байланысты. Тауарлық газдың негізгі әлемдік өндірушілері Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі – АҚШ) және Ресей болып табылады, оларға шамамен 1,3 трлн. жылына м<sup>3</sup> немесе тауарлық газ өндірісінің әлемдік көлемінің 38%-дан астамы тиесілі.

Сонымен бірге, АҚШ-та дәстүрлі газ өндіретін шығарылатын қуаттылықтардың белсенді түрде дамып келе жатқан тақтатас газ кен орындарымен кең көлемде алмастырылуы байқалады. Мұндай кен орындарының ерекшелігі қолда бар газ ресурстарын болжаудың өте төмен дәлдігі, сондай-ақ оларды пайдаланудың алғашқы жылдарында ұңғымалар дебитінің айтарлықтай төмендеуі (80%-ға дейін) болып табылады, бұл ұңғымалар қорын үнемі жаңарту қажеттілігін және өндіру көлемінің тұрақсыздығының жоғары тәуекелдерін негіздейді.

Газ өндірудің ұзақ мерзімді әлемдік перспективаларына теріс әсер ететін және отынның көптеген қазбалы түрлеріне тән негізгі фактор өндірудің энергетикалық рентабельділігінің төмендеуі болып табылады. Жыл сайын жоғары рентабельді газ қоры азайып келеді және шартты отынның әр тоннасын өндіруге көбірек энергия жұмсау қажет. Осы тұрғыдан алғанда, энергетикалық рентабельділіктің өте төмен көрсеткіштерімен сипатталатын тақтатас газының ресурстарын пайдалану жаһандық энергия тапшылығына тағы бір қадам болып көрінеді.

Екінші жағынан, жер бетіндегі халық санының өсу қарқынының баяулауына қарамастан, энергия тасымалдаушыларға, оның ішінде газға әлемдік сұраныстың айтарлықтай ұлғаю үрдісі сақталуда.

Қолда бар болжамдарға сәйкес газға сұраныстың өсуінің ең жоғары серпіні электр энергиясын өндіру секторында күтіледі, ал газды әлемдік тұтынудың өсуінің негізгі қозғалтқыштары Оңтүстік-Шығыс Азия (бірінші кезекте Қытай) және Таяу Шығыс елдері деп аталады. Сонымен қатар, әлемдік экономикадағы дағдарыс құбылыстарының сақталуы, сондай-ақ болашақта оңай қол жетімді газ ресурстары санының біртіндеп төмендеуі мұндай болжамдарды теріс жағына қайта қарау қажеттілігіне алып келуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстандық тауарлық газды өткізудің жалғыз сыртқы нарықтары Ресей мен Қырғызстан болып табылады. Жеткізудің бұл схемасы тарихи түрде кеңестік газ тасымалдау инфрақұрылымы аясында қалыптасты және Ресей Федерациясында "Газпром" ААҚ бірыңғай экспорттық каналының болуымен байланысты.

Еуразиялық экономикалық одақты дамыту шеңберінде бірыңғай энергетикалық нарықтар құру мәселелері пысықталуда, бұл келешекте Қазақстан үшін Еуропалық газ нарықтарына шығу мүмкіндігін ашуы мүмкін.

Шет елдерде газ саласын реттеу әрбір нақты мемлекетте оның даму деңгейіне байланысты айтарлықтай ерекшеленеді, ол мынадай факторлармен айқындалады: 1) газ тасымалдау инфрақұрылымының даму деңгейі; 2) нарықтың сыйымдылығы, газ көздерінен қашықтығы, тұтыну-дың шоғырлануы, төлемге қабілетті сұраныстың болуы; 3) өзге энергия жеткізгіштермен бәсекелестік (көмір, мазут); 4) саяси және өзге де факторлар. Бұл ретте газ нарығы дамушы елдер үшін (Индонезия, Малайзия, Мексика, ТМД елдері және т. б.) мынадай ерекшеліктер тән: 1) бүкіл салаға елеулі әсер ететін және нарықтың елеулі үлесін алатын мемлекеттік тігінен интеграцияланған компания бар; 2) мемлекеттік компания газ өндіру сегментінде кеңінен ұсынылған және (немесе) тәуелсіз өндірушілерден газ сатып алуды жүзеге асырады; 3) газды тасымалдау және бөлу көбінесе мемлекеттік компанияда монополияда болады, үшінші тұлғалар үшін тасымалдау жөніндегі қызметтерге қол жеткізуге әртүрлі шектеулер байқалады; 4) бір компанияның не компаниялар тобының шеңберінде газды тасымалдау жөніндегі қызметтерді оны іске асыру жөніндегі қызметпен қоса атқаруға жол беріледі; 5) тариф белгілеу мен баға белгілеуді реттеудің жоғары дәрежесі орын алады.

Өз кезегінде, газ нарығы дамыған елдер үшін (Германия, Ұлыбритания, Жапония және басқалары) мынадай белгілер тән: 1) газ өндіру және маркетинг сегменттерінде әртүрлі өндірушілер арасында бәсекелестік дамыған; 2) газ тасымалдауға арналған монополия жиі сақталады, бірақ мемлекет газ тасымалдау жүйесіне кемсітусіз қол жеткізуді белгілеуге ұмтылады; 3) газ тасымалдау жөніндегі қызметті көтерме және бөлшек саудада өткізуге біріктіруге жиі тыйым салынады; 4) тариф белгілеу жүйесі ақпаратты ашуды және кемсітушіліктің болмауын талап етеді.

Газ нарықтары дамыған барлық дерлік елдерде саланы бастапқы дамыту мемлекеттің қолдауымен газ өндіруді, тасымалдауды және өткізуді қамтитын монополиялық компаниялардың қолдауымен жүзеге асырылғанын атап өту қажет. Кейіннен газ саласының дамуы мен өткізу нарығының ұлғаюына қарай оны біртіндеп ырықтандыру және мемлекеттік сатылас интеграцияланған компанияның ықпалын қысқарту жүргізілді.

Осылайша, мемлекеттік тігінен интеграцияланған компанияның (ұлттық оператордың) тетігі газ саласын дамытудың бастапқы кезеңдерінде неғұрлым тиімді болып көрінеді, бұл инфрақұрылымға Елеулі күрделі салымдармен, инвестициялық жобалардың өзін-өзі ақтауының ұзақ мерзімдерімен және газ нарығының дамымауымен байланысты. Бұл тәсіл Қазақстанда қабылданған "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде өзінің заңды көрінісін тапты [1]. Заң Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды тасымалдау, бөлу, тұтыну, сондай-ақ көтерме және бөлшек саудада өткізу мәселелерін заңнамалық деңгейде реттеді.

Газ туралы заңды әзірлеу кезінде Қазақстан үшін аумақтың үлкен ауданы мен экономикалық белсенділіктің төмен тығыздығына байланысты ауқымды инфрақұрылымдық жобалардың өте төмен инвестициялық тартымдылығы тән екендігі назарға алынды, оларға өзгелерден басқа, газ тасымалдау және газ тарату желілерін салу мен жаңғырту жатады. Бұл мәселені шешу үшін газ туралы Заңмен газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор институты енгізілді, оның негізгі міндеттері жер қойнауын пайдаланушылардан кейіннен оны ішкі нарықта және экспортқа қайта сата отырып, шикі және тауарлық газды сатып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасы шеңберінде газ тасымалдау және газ тарату желілерін жаңғырту мен дамыту жобаларын түскен қаражатқа қаржыландыру болып табылады. Сонымен қатар, заңмен ұлттық оператордың мемлекеттің басым құқығы шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардан газ сатып алу бағаларын, сондай-ақ ішкі нарықта тауарлық және сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу бағаларын мемлекеттік реттеу енгізілді, олар ұлттық оператордың қажетті кірістілігін қамтамасыз етуге тиіс еді. Қазақстан Республикасында газға баға белгілеуді мемлекеттік реттеу жүйесінің елеулі кемшілігі қысқы жылыту кезеңінде газ жеткізудің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ газды тұтынудың біркелкі еместігін біршама тегістеуге мүмкіндік беретін газға сұраныс пен ұсыныстың маусымдық ауытқуларын есепке алудың болмауы болып табылады. Барлық белгіленген мән-жайлар Қазақстан Республикасында газға баға белгілеу жүйесін дереу жетілдіру, сондай-ақ ұлттық оператордың қызметін қаржылық қамтамасыз етудің қосымша нұсқаларын пысықтау қажеттілігін негіздейді.

Газ туралы Заңның тағы бір жаңалығы газ және газбен жабдықтау саласындағы әріптестік институты (бұдан әрі – МЖӘ) болды, ол мемлекетке тиесілі немесе жер қойнауын пайдаланушы

мемлекет меншігіне беретін ілеспе газды тиімді пайдалану проблемасын осындай газды кәдеге жаратуға байланысты проблемаларды болдырмау мақсатында шешуге арналған.

Сұйытылған мұнай газы бөлігінде газ туралы заңда уәкілетті органның сұйытылған мұнай газының көлемдерін өндірушілерден газ желісі ұйымдарына "әлеуметтік" баға бойынша тікелей бөлу тетігі көзделген. Орта мерзімді кезеңде сұйытылған мұнай газына "төмен" көтерме бағаларды сақтау орынды болып табылады және тауарлық газ нарығына ұқсас, нарық сыйымдылығының аздығынан туындаған инфрақұрылымды жаңғыртуға және дамытуға инвестициялардың төмен тартымдылығымен негізделген.

Сонымен қатар, ішкі нарыққа "әлеуметтік" газды жеткізудің қолданыстағы тетігінде бір-қатар елеулі кемшіліктер бар. Біріншіден, мұндай газ инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту жөніндегі жобаларды іске асыруына қарамастан, барлық аккредиттелген газ желісі ұйымдарына таратылады. Нәтижесінде көптеген газ желісі ұйымдары алынған кірістерді инфрақұрылымға қосымша салмайды. Екіншіден, "әлеуметтік" газ желісін қоспағанда, газ желісі ұйымдары үшін сұйытылған мұнай газын экспорттауға рұқсат етілген, алайда іс жүзінде уәкілетті органда жеңілдікті сұйытылған мұнай газын заңсыз әкетудің алдын алуға мүмкіндік беретін тиімді тетіктер жоқ. Үшіншіден, газ желісі ұйымдарының өтінімдері негізінде жеткізу жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тарату тетігі жеткілікті түрде төмен транспаренттілікпен сипатталады және тиісті өңірдің сұйытылған мұнай газына нақты қажеттілігін бағалауға мүмкіндік бермейді.

В зависимости от выполняемых функций и задач административные процессуальные правоотношения классифицируются на регулятивные и охранительные правоотношения. Регулятивные правоотношения сопровождают нормальный процесс реализации субъективных прав и исполнения юридических обязанностей в административно-процессуальной сфере, выполняя свою главную функцию - построение и упорядочение социальных связей, необходимых для всестороннего, объективного, беспристрастного и своевременного разрешения административного дела. Охранительные административно-процессуальные правоотношения возникают на основе столкновения интересов участников административного процесса. Они всегда содержат в себе как элемент юридического конфликта, так и способ его преодоления, их назначение заключается в обеспечении, защите и обеспечении нормального функционирования регулятивных административно-процессуальных правоотношений. Указанная функция реализуется посредством применения мер административно-процессуального принуждения, в частности: предупреждение (личный досмотр, досмотр и изъятие вещей, документов, отстранение от управления транспортными средствами); прекращение (административное задержание, удаление из зала, где проходит судебное заседание); принуждение к исполнению юридической обязанности (привод, временное изъятие доказательств).

Распространенной является классификация административных правоотношений по признаку характера отношений, возникающих между субъектами. Как правило, основу классификации в данном случае составляет соотношение прав и обязанностей участников правоотношений, и названный критерий обуславливает выделение горизонтальных, вертикальных и диагональных административных правоотношений. Горизонтальные административные правоотношения характеризуют взаимодействие элементов внутри управленческой структуры при отсутствии отношений соподчиненности или подконтрольности, когда взаимоотношения фактически и юридически равноправных субъектов строятся на паритетных началах. Вертикальные административные правоотношения подразумевают организационную и иную соподчиненность взаимодействующих сторон (управляющего и управляемого субъектов), когда законом предусмотрена обязательность актов управляющего субъекта для управляемых субъектов государственного управления. Вертикальные административные правоотношения развиваются как в направлении – снизу вверх, так и в противоположном - сверху вниз, в зависимости от инициативы соответствующих субъектов в пределах соподчиненных структур исполнительной власти. Диагональные административные правоотношения отличаются от вертикальных главным образом тем, что возникают и развиваются между вышестоящими и нижестоящими субъектами, входящими при этом в различные системы органов исполнительной власти.

Названный классификационный критерий, отражающий характер взаимоотношений субъектов административных правоотношений является основанием подразделения данных правоотношений также на субординационные (основаны на отношениях подчинения управляемого субъекта управляющему), координационные (развиваются в совместной деятельности нескольких управляющих субъектов) и реординационные (обеспечивают обратное воздействие управляемого субъекта на управляющий, возникают, например, при обжаловании действий и решений вышестоящих субъектов или при обращении во властные структуры).

По количеству участников правоотношения административные правоотношения делятся на двусторонние и многосторонние.

По критерию непосредственной причины участия субъектов в правоотношении, можно выделить следующие три их разновидности: а) правоотношения, в которых обе стороны участвуют в силу своих правомерных поступков (договоры и иные сделки, а также другие правоотношения, возникающие из совместных правомерных действий субъектов); б) правоотношения, в которых обе стороны участвуют в силу определенного события (правоотношения из абсолютных событий, некоторых правоприменительных актов и т.д.); в) правоотношения, в которых одна сторона участвует в силу своего поступка, а другая сторона участвует в силу события (правоотношения из правомерных или противоправных действий одной из сторон и т. д.) [3].

Способ действия обязанного субъекта полагается в основу выделения двух типов административно-процессуальных правоотношений: 1) активный тип, характеризующийся соответственно активными действиями обязанного субъекта, и 2) пассивный тип правоотношений, предполагающий воздержание обязанной стороны от совершения активных действий. Как правило, поведение субъектов подобных правоотношений регламентируется соответствующими нормативно-правовыми актами.

По принадлежности к сферам общественной жизни, в которых они функционируют, административно-процессуальные правоотношения делятся на следующие виды: правоотношения, складывающиеся в сфере экономики; правоотношения, складывающиеся в политической сфере; правоотношения, складывающиеся в сфере предпринимательства; правоотношения, складывающиеся в социально-культурной сфере и т.д.

В российской юридической литературе обоснован критерий классификации, характеризующий административные правоотношения с позиции их разделения по направлениям деятельности: административно-правовые отношения органов исполнительной власти (местной администрации) общей компетенции, т.е. по всем вопросам жизнедеятельности на соответствующей территории; административно-правовые отношения исполнительной власти отраслевой компетенции в отношении субъектов управления, находящихся в их ведении; административно-правовые отношения органов межотраслевой компетенции над ведомственного характера по решению специальных вопросов, осуществлению контрольно-надзорных и координационных полномочий; административно-правовые внутриорганизационные отношения, затрагивающие деятельность аппарата данного органа и учреждений, предприятий, находящихся в его непосредственном подчинении [4, с. 411-412].

Интерпретация обоснования разделения административных правоотношений по направлениям деятельности удачно дополняется следующей моделью классификации: «а) организационные управленческие отношения в сфере реализации исполнительной власти (государственного управления), возникающие в процессе и в результате реализации исполнительной власти и осуществления субъектом в пределах предоставленных полномочий регулирующих управленческих функций в отношении руководимых подведомственных ему сфер и подчиненных объектов. Эта группа делится на внешне управленческие (в отличие от внутри аппаратных) и организационные отношения; б) внутриорганизационные отношения во всех сферах государственной деятельности, опосредующие внутри аппаратную деятельность по внутренней организации работы любых органов системы публичного управления во всех сферах государственной деятельности; в) общегосударственные контрольно-организационные отношения, возникающие в процессе и в результате осуществления контрольной общегосударственной деятельности, т.е. общегосударственного контроля, который в отличие от обычного функционального контроля наделен рядом особенностей (осуществляется в масштабах всего государства, от имени верховных государственных органов и держит в поле зрения деятельность исполнительной власти и других властей по определенным вопросам); г) административно-юстиционные организационно-охранительные отношения, возникающие в процессе и в результате осуществления судебного контроля за законностью решений и действий государственной и местной администрации, связанного с оценкой правомерности или неправомерности ее действий судами и судьями, а также применением последними различного рода административно-принудительных мер к физическим и юридическим лицам в целях защиты и восстановления правопорядка в сфере управления» [5, с. 75-77].

Обоснованным и отражающим сложную структуру административного процесса представляется деление административно-процессуальных правоотношений по видам административных производств. По этому классификационному признаку административно-процессуальные правоотношения подразделяются на: а) отношения, возникающие в производстве по принятию нормативных правовых актов органами исполнительной власти; б) отношения, возникающие в производстве по предложениям и заявлениям граждан и обращениям организаций в сфере государственного управления; в) отношения, возникающие в производстве

по административно-правовым жалобам и спорам; г) отношения, возникающие в производстве по делам о поощрениях; д) отношения, возникающие в производстве по делам об административных правонарушениях; е) отношения, возникающие в производстве по дисциплинарным делам в сфере государственного управления; ж) отношения, возникающие в регистрационном производстве; з) отношения, возникающие в лицензионном производстве; и) отношения, возникающие в исполнительном производстве [6, с. 152]. Деление административных процессуальных отношений по данному критерию может быть дополнено правоотношениями, возникающими в ходе разрешительного производства, контрольного производства.

По отраслевой принадлежности материальных отношений административно-процессуальные правоотношения делятся на: а) отношения, имеющие своей целью реализацию административно-правовых материальных отношений; б) отношения, имеющие своим назначением реализацию материальных отношений, регулируемых нормами гражданского права; в) отношения, имеющие своим назначением реализацию материальных отношений, регулируемых нормами трудового права; г) отношения, имеющие своим назначением реализацию материальных отношений, регулируемых нормами финансового права; д) отношения, имеющие своим назначением реализацию материальных отношений, регулируемых нормами семейного права; е) отношения, имеющие своим назначением реализацию материальных отношений, регулируемых нормами земельного права и т.д.

По наличию или отсутствию конфликта в основе административного дела административно-процессуальные правоотношения делятся на: 1) конфликтные (складываются в ходе юрисдикционных производств: административно-искового, исполнительного, дисциплинарного и др.); и 2) неконфликтные (возникают при осуществлении управленческих производств: лицензионного, надзорного, разрешительного, аттестационного и др.).

Данная классификационная модель административных процессуальных отношений не является исчерпывающей. Рассмотрение различных критериев в качестве оснований классификации способствует выявлению назначения и специфики административных процессуальных отношений.

#### *Список использованной литературы:*

- 1 Кравченко О.А. *Комплексность правоотношений (на примере уголовно-исполнительной системы): автореф.дисс.к.ю.н.* – Владимир, 2009. – 24 с.
- 2 Тайторина Б.А. *Государственный контроль в конституционной системе разделения власти Республики Казахстан: Монография.* – Алматы, 2011. – 396 с.
- 3 Бекбаев Е.З. *Проблема начала в теоретическом познании правовой системы (попытка обоснования).* – Астана, 2009. - <http://allpravo.ru/library>
- 4 Стариков Ю.Н. *Курс общего административного права: В 3 т. Т.1: История. Наука. Предмет. Нормы. Субъекты.* – М.: Норма, 2002. – 728 с.
- 5 Конин Н.М. *Российское административное право. Общая часть: Курс лекций.* – Саратов, 2001. – 446 с.
- 6 Сорокин В.Д. *Административно-процессуальное право. Учебник. 2-е изд., перераб. и доп.* – СПб.: Издательство Р.Асланова «Юридический центр Пресс», 2008. – 569 с.

**ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ  
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ  
LAW-ENFORCEMENT ACTIVITY**

МРНТИ 10.17.53

УДК: 343.3/7.

Б.А. Қалмырзаев<sup>1</sup>, Ө.Өзкан<sup>2</sup>, Г.М. Раздықова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

<sup>2</sup>Стамбұл Тижарет университеті

<sup>3</sup>Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КҮШТЕРІ,  
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СОТ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ  
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСҚАН ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖҮЙЕСІН  
ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ, СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕУ ЖӘНЕ СОТ ТӘЖІРИБЕСІ АЯСЫНДА  
ТАЛДАУ ҚЫРЛАРЫ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік күштері, құқық қорғау және сот органдары қызметінде діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша қалыптасқан іс-әрекеттер жүйесін жедел іздестіру, сот дейінгі тергеу және сот тәжірибесі аясында негізгі қырларын талдаймыз.

Аталмыш сараланып жатқан мәселеге қатысты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, басып шығаруға және таратуға тыйым салынған және экстремистік деп танылған діни әдебиеттер мен ақпараттық материалдардың тізімі» [1] атты материалына сүйенсек дейміз.

**Түйін сөздер:** ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау және сот органдары, діни экстремизм, экстремизмдік іс-әрекеттер жүйесі.

Калмурзаев Б.А.<sup>1</sup>, Озкан О.<sup>2</sup>, Раздықова Г.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави

<sup>2</sup>Стамбульский университет Тижарет

<sup>3</sup>Центр анализа и развития межконфессиональных отношений

**АСПЕКТЫ АНАЛИЗА СЛОЖИВШЕЙСЯ СИСТЕМЫ ДЕЙСТВИЙ ПО  
ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СИЛ  
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ, ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ И СУДЕБНЫХ  
ОРГАНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В РАМКАХ ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНОЙ,  
ДОСУДЕБНОЙ И СУДЕБНОЙ ПРАКТИКИ**

*Аннотация*

В данной статье подвергнуты анализу основные аспекты сложившейся системы действий по противодействию религиозному экстремизму в деятельности Сил национальной безопасности, правоохранительных и судебных органов Республики Казахстан в рамках оперативно-розыскной, досудебной и судебной практики.

За основу аналитического исследования проблемы взяты данные, сконцентрированные в базах данных Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной

прокуратуры Республики Казахстан в рубрике «Список религиозной литературы и информационных материалов, запрещенных к ввозу, изданию и распространению на территории Республики Казахстан и признанных экстремистскими» [1].

**Ключевые слова:** национальная безопасность, правоохранительные и судебные органы, религиозный экстремизм, система экстремистских действий.

*B.A. Kalmurzaev<sup>1</sup>, O.Ozkan<sup>2</sup>, G.M. Razdykova<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>International kazakh-turkish university named after Khoja Akhmet Yassawi*

*<sup>2</sup>Istanbul Tijaret University*

*<sup>3</sup>Center for analysis and development of interfaith relations*

## **ASPECTS OF THE ANALYSIS OF THE EXISTING SYSTEM OF ACTIONS TO COUNTER RELIGIOUS EXTREMISM IN THE ACTIVITIES OF THE NATIONAL SECURITY FORCES, LAW ENFORCEMENT AND JUDICIAL BODIES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE FRAMEWORK OF OPERATIONAL INVESTIGATIVE, PRE-TRIAL AND JUDICIAL PRACTICE**

### *Abstract*

In this article, we will analyze the main aspects of the existing system of actions to counter religious extremism in the activities of the National Security Forces, law enforcement and judicial bodies of the Republic of Kazakhstan in the framework of operational investigative, pre-trial and judicial practice.

With regard to this differentiable problem, it should be noted the material of the Committee on Legal Statistics and Special records of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan "list of religious literature and information materials prohibited for import, publication and distribution in the territory of the Republic of Kazakhstan and recognized as extremist" [1].

**Keywords:** national security, law enforcement and judicial authorities, religious extremism, system of extremist actions.

**Кіріспе** ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдары мен ҚР ІІМ органдары жоғарыда аталған діни-саяси экстремистік ұйымға қарсы іс-қимылын бірге жүргізе келе, сол қарсы іс-қимылдың (бастапқы тәжірибелік) іс-шараларын іске асырудың, содан кейін кезекте қалыптасқан іс-шараларды (қалыптасқан тәжірибелік) жүзеге асырудың нәтижесінде белгілі бір жетістікке (яғни аталған ұйым мүшелерінің іс-әрекеттері саябырсыды) жетті деп санаймыз. Қазіргі кезде «Хизб ут-Тахрир» діни-саяси экстремистік ұйымы Орта Азия елдері, оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында астыртын жұмыс жасауға көшкені бірнеше жылдардан асты. Кейінгі сот шешімдерімен де осы экстремистік ұйымның діни-саяси экстремистік материалдарына тыйым салынды. Бұл ретте, салыстырмалы түрде айтар болсақ, ондай материалдардың саны азайды. Дегенмен, қазіргі кезде бұл ұйым әлеуметтік желілерде өз материалдарын жариялап таратуға тырысып жатыр деп айтуға болады.

Сондықтан аталған ұйымның жалпы діни-саяси сипаттағы экстремистік материалдарын тиісті әлеуметтік желілерден іздестіру, анықтау, саралау, оларды бұғаттау, сол материалдарға сот шешімдері арқылы тыйым салу сияқты қарсы іс-қимыл іс-шараларын жандандыру керек деп есептейміз.

**Негізгі бөлім.** Бірінші кезекте, соңғы жедел (оперативті) мәліметтерге сүйенсек «Хизб ут-Тахрир» атты діни-саяси экстремистік ұйымы Орта Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстанның аумағында іс-әрекеттерін қайта жаңғыртуға деген мақсатты алға қойып отыр.

Екінші кезекте, бұл ұйым іс-әрекеттерін (жаңадан жандандыру мақсатында) бізге көршілес елдерден (яғни Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан) бастауға құмбыл болып тұр.

Үшінші кезекте, осы ұйым Орта Азия елдеріндегі саяси ахуалға (ұйымның пайымы бойынша аталған аймақтағы елдердеавторитарлық саяси режимдердің ауыс-түйісі нақты болады деп



үміттенеді) үмітпен тұрап, өздерінің бұрынғы (1995-2010 жылдар арасындағы) жағдайларын қайтаруға ұмтылып тырысады деп білеміз.

Осы тұста, айта кетер жайт, біздің елімізде діни және өзге де сипаттағы материалдарды экстремистік материалдар деп тану бойынша алғашқы кезде сот шешімдерін шығарған Астана қалалық соты болатын. Демек, аталған соттың 2009 жылы бастапқы сот тәжірибесі болды дегіміз келеді. Аталған бастапқы сот тәжірибесін ұлттық қауіпсіздік күштері де бастан өткерді деуге болады.

ҚР Бас прокуратурасының сараланып жатқан тиісті материалына қайта қарайтын болсақ, оның мәтінінде: «Ақтөбе қ. Соты шешімімен (28.06.2012 ж.) – 9 материал; Өскемен қ. Соты шешімімен (17.09.2012 ж.) – 2 материал; Ақтөбе қ. Соты шешімімен (18.09.2012 ж.) – 11 материал; Астана қ. Сарыарқа аудандық соты шешімімен (02.10.2012 ж.) – 1 материал; Павлодар қ. Соты шешімімен (19.11.2012 ж.) – 1 материал; Алматы қ. Алмалы аудандық соты шешімімен (22.11.2012 ж.) – 1 материал; Атырау қ. Сотының шешімімен (14.12.2012 ж.) – 32 материал» [1], жалпы алғанда 57 материалға тыйым салынған жайлы ақпарат қамтылған. Аталмыш ақпараттан және сараланып жатқан материалда берілген тізімдегі жалпы тыйым салынған материалдар жалпы атауынан анықталғандай, еліміздің батыс, оңтүстік, шығыс және орталық аумағындағы облыстарда Таяу Шығыс елдерінен (Сауд Арабиясы және өзге де елдерден), тіпті көршілес (Орта Азия елдері, Ресейдің Кавказ және т.б.) елдерден бастау алған жиһадшыл, неосалафилік және өзге діни деструктивті ағымдар өздерінің мүшелерін санын арттырып, әртүрлі деңгейде діни экстремистік және террористік іс-әрекеттерді іске асырды. 2012 жылы діни деструктивтік ағымдар мен діни-саяси қозғалыстарға елдің ұлттық қауіпсіздік күштері қарсы іс-қимыл бойынша өз функцияларын атқарды деп айтуға болады. Дегенмен, сол кезде бірқатар кемшіліктер орын алды деп есептейміз. Өйткені: біріншіден, елдің діни экстремизмге қарсы қимыл жүйесі толыққанды қалыптастырылмаған еді; ал енді екіншіден, діни қызметті реттейтін ұлттық заңнама кештеу қабылданды, сонымен бірге дін саласындағы мемлекеттік саяси тұжырымдама, сондай-ақ діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік бағдарлама әлі қабылданған жоқ болатын; ал үшіншіден, діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша тиісті жетістіктері болғанымен, оның әлсіз тұстары көбірек болды деп білеміз.

2012 жылы ұлттық қауіпсіздік күштерінің діни экстремизмге қарсы іс-қимылдың арнайы қарсы іс-қимылдардың бірқатар жетістіктері (ҰҚК жекелеген жетістіктері) болғанымен, негізгі қарсы іс-қимыл (барлық мемлекеттік органдардың жүйесін жұмылдырып үйлестіру және ұйымдастыру бойынша) орталау деңгейде болды деп білеміз. Ал жалпы қарсы іс-қимыл (діни экстремизмнің алдын алу аясында мемлекеттік органдар мен белгілі қоғамдық институттардың өзара әрекеттесуі) сол кезде жөнді деңгейде болған жоқ еді деп есептейміз. Сонымен бірге бірқатар қалалық (яғни республикалық маңызы бар қалалар, Астана және Алматы қалаларының аудандық соттары), тіпті бірқатар өңірлердегі қалалық, аудандық соттардың тәжірибесі (экстремистік материалдар бойынша сот тәжірибесі) бастапқы кезеңде болды деп білеміз. Демек, жергілікті ұлттық қауіпсіздік күштері, құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдардың қызметкерлері бастапқы сот тәжірибелік кезеңнен өтті деуге болады.

Сонымен, діни экстремизмге қарсы іс-қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз етудің ішкі мемлекеттік жүйесін саралау бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сайтында белгіленген «Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, басып шығаруға және таратуға тыйым салынған және экстремистік деп танылған діни әдебиеттер мен ақпараттық материалдардың тізімі» мен «Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, басып шығаруға және таратуға террористік деп танылған және тыйым салынған әдебиеттер мен ақпараттық материалдардың тізімі» атты тізімдердегі материалдарға талдау жасай келе, мынадай қорытынды тұжырым жасаймыз.

Бірінші кезекте, екі тізімдегі экстремистік және террористік деп танылған материалдарды тыйым салудың заңнамалық негіздемесін түсіндіру бойынша бір жүйеге келтірілген түсіндіру әдіс-тәсілдері мен сендіру әдісін дұрыс қолданудың қажеттілігі бар деп санаймыз.

Біріншіден, діни мазмұндағы материалдарға заңды және діни сипаттағы түсіндірме берудің кешенді әдіснамасын (яғни әдістемелік, әдістері мен тәсілдері жиынтығы) жасау керек деп есептейміз. Себебі, алғаш діни жолға түсіп, әсіресе бірқатар жастар дәстүрлі діни санасын

калыптастыра алмай, діни радикалистік, экстремистік немесе діни сипаттағы террористік іс-әрекеттерге ұшырап жатады. Сондықтан заңды түсіндірудің тәсілдерін (заңдағы терминдерге грамматикалық (тілдік), тарихи, логикалық, жүйелі талдау және арнайы құқықтық талдау) және түсіндіру кезеңдерін (үш кезеңді төменде түсіндіреміз) дұрыс пайдалану арқылы діни радикализмнің шырмауына түскен жастар, тіпті одан да жасы үлкен жеке тұлғаларға оң ықпал ету керек.

Егер аталған тұлғалардың біреуі діни радикализмнің бастапқы деңгейінде болғандығы (арнайы есепте тұрған кезде) анықталса, онда оларға бірінші кезекте дінтану мен теологияның (исламтанушы, христиантанушы және т.б.) мамандары жұмыс (алдын алу жұмысы) жасауы, содан кейін заңды түсіндіру керек.

Егер аталған тұлғалардың біреуі діни экстремизмнің басталған немесе қалыптасқан деңгейінде болғандығы нақты (арнайы есепте тұрған кезде де оған жасалған алдын алу жұмысы оң нәтиже бермесе, әкімшілік құқық бұзушылық, тіпті экстремистік іс-әрекет жасағаны) анықталса, онда бірнеше мамандардың қатысуымен оған заңды және діни және өзге мәселелерді түсіндіру жұмыстары бірге жүргізілуі қажет.

Егер аталмыш тұлғалардың біреуі діни сипаттағы терроризмнің басталған (теракті жасауға дайындалған) немесе қалыптасқан (теракті жасауға оқталған немесе оны жасағаны, сотқа дейінгі тергеуде, түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқаны) деңгейінде болғандығы анықталса, онда оған кешенді сипатта болатын жұмыс (түрлі мамандардың қатысуымен (заңгер, дінтанушы, теолог, психолог, жедел (оператив) қызметкері және т.б.) заңды, дінді, тіпті қажет болып жатса халықаралық саяси ахуалды және басқа да негіздер бойынша түсіндіру) жасалуы тиіс. Әрине аталған үш кезең бойынша тек экстремистік және террористік деп танылған материалдарды ғана емес, яғни жан жақты түсіндірілуі ләзім деп түйін жасаймыз.

Екінші кезекте, ұлттық қауіпсіздік күштері (арнайы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары және уәкілетті мемлекеттік органдар) Қазақстан Республикасының терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл заңнамасына, қылмыстық заңнамасына сәйкес қарсы іс-қимылдың заңнамалық әдіс-тәсілдерін пайдалану және мемлекеттік функцияларын нақтырақ орындау, заң нормаларын дұрыс құқық қолдану арқылы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау, жолын кесу және болдырмау іс-әрекеттерін жасау бойынша бірқалыпты жұмысын атқаруы қажет деп есептейміз.

Әлбетте, сотқа дейінгі тергеу кезінде әттегең-ай дейтін кемшіліктер болуы мүмкін. Сондықтан мүмкіндігі болса, жедел (оператив) қызметкерінің, тергеу жүргізетін ұлттық қауіпсіздік күштері (арнайы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының тергеушілерінің, сотқа дейінгі іске тергеу жүргізетін сот тергеушілерінің негізгі базалық білімнен (заңтану) бөлек, діни білімі (сауаты) болса тіптен жақсы, себебі тергеу амалдарына (заңды әрі діни сипатта түсіндіру) қажет дегіміз келеді. Бұл ұсынылған іс-шаралар экстремистік және террористік деп танылған материалдарды мониторингтеу, іздестіру, табу, анықтау, бұғаттау, сот қарауына ұсыну іс-шараларына, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жеке жедел іздестіру іс-шараларына, қылмыстық процестік заңнамада жеке белгіленген ұлттық қауіпсіздік күштерінің жеке тергеу амалдарына ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік ықпалы болады деп білеміз.

Үшінші кезекте, діни экстремизмге қарсы іс-қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз етудің ішкі мемлекеттік жүйесіндегі сот тәжірибесін жетілдіру (экстремистік және террористік сипаттағы материалдарды экстремистік және террористік материалдар деп тану бойынша) мақсатында ұлттық қауіпсіздік күштерінің (арнайы мемлекеттік органдары мен құқық қорғау органдарының және уәкілетті мемлекеттік органдардың), сондай-ақ тиісті сот органдарының жалпы қызметтерінде қалыптасқан іс-әрекеттерінің жүйесіне мынадай тәжірибелік ұсыныстарды береміз.

1. Экстремистік және террористік топтар мен ұйымдардың мүшелері мен өкілдері, сондай-ақ оларға өзіндік қызметтік көмегін беретін жеке тұлғалар қазіргі кезде қылмыстық іс-әрекеттерін негізінен ғаламтор жүйесін, оның ішінде әртүрлі әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы жасайтындығы жалпыға белгілі. Аталған жеке тұлғалардың бірқатары әлеуметтік желілерде заңсыз іс-әрекеттерін жасыру мақсатында жалған лақап атпен жеке парақшасын жасайды. Сол себепті «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [2] 1-бабы норма-

ларына сәйкес жедел-іздігіру іс-шараларының ретінде белгіленген байқау (1-бап 5-тармақ), тиісті байланыс желілеріндегі жедел іздігіру (1-бап 6-тармақ), компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа құрылғылардан ақпаратты жасырын алу (1-бап 7-тармақ), енгізу (1-бап 10-тармақ), жасырын кіру және (немесе) орынды жасырын зерттеп-қарау (1-бап 13-тармақ), пошта жөнелтілімдері мен өзге жөнелтілімдерді жасырын бақылау (1-бап 18-тармақ), адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау (1-бап 19-тармақ), абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу (1-бап 20-тармақ), электр (телекоммуникация) байланысының желілерін жасырын бақылау, электр (телекоммуникация) байланысының желілері арқылы берілетін ақпаратты ұстап алу және алу (1-бап 21-тармақ) бойынша тиісті жедел-іздігіру іс-шараларының (жалпы және арнаулы) жиынтығын, сондай-ақ жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырушы органдардың осы қызметтің міндеттерін шешуге тікелей бағытталған, бірыңғай тактикалық, стратегиялық ой-ниетпен байланысқан іс-әрекеттерінің жиынтығын жүйелі орындау, реттеу, іске асыру және бақылау арқылы жандандырып жүргізу керек;

2. Осы ұсынысты нақты түсінікті ету үшін мына негізгі екі мысалды бере отыра, мақаламызды төмендегідей **қорытындылаймыз**:

Бірінші кезекте, Қазақстан Республикасында сот шешімдерімен [3] қызметіне тыйым салынған экстремистік және террористік топтар мен ұйымдардың негізгі өкілдері мен мүшелерінің әлеуметтік желілердегі парақшаларына жүйелі түрде мониторингтеу және жедел аналитикалық іс-шараларын ұйымдастыру, жедел іздігіру іс-шараларына тікелей қатыстыруға қажетті мамандығы бар мамандар жүйелі түрде тарту жұмыстарын жалпы жандандыру қажет. Өйткені, біріншіден, жүйелі мониторинг жасау экстремистік және террористік деп танылған жалпы материалдардың айналымын дәл анықтауға болады; ал екіншіден, жедел түрде аналитикалық іс-шараларын ұйымдастыру және оны жүйелі жүргізу соттардың шешімімен әлі де экстремистік және террористік деп танылмаған материалдарды іздеуге, табуға, анықтауға, талдауға және оларды бұғаттауға әрі тиісті соттарға экстремистік және террористік деп тану үшін ұсынуға нақтырақ көмектеседі; ал енді үшіншіден, жедел іздігіру іс-шараларына тікелей қатыстыруға өте қажетті мамандығы бар мамандарды тарту әртүрлі әлеуметтік желілердегі техникалық іс-шараларын жасауға (техникалық қарсы іс-қимыл іс-шараларын дайындау және т.б.) мүмкіндікті береді.

Екінші кезекте, Қазақстан Республикасында сот шешімдерімен [3; 4] қызметіне тыйым салынған экстремистік және террористік топтар мен ұйымдардың елдегі, әсіресе шет елдердегі (яғни біздің елімізде тыйым салынған, алайда белгілі бір елдерде аталған топтар мен ұйымдардың қызметі тыйым салынбауы мүмкін) осы топтар мен ұйымдардың негізгі өкілдерімен тікелей қарым қатынастарды орнату және аталған экстремистік және террористік топтар мен ұйымдардың негізгі іс-әрекеттерін бақылау, барлау, сондай-ақ қажетті ақпараттарды алу іс-әрекеттерін жүйелі түрде жүргізу және қалыптастыру мақсатында құпия көмекшілерді енгізу қажет деп санаймыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Список религиозной литературы и информационных материалов, признанных экстремистскими и запрещенных к ввозу, изданию и распространению на территории Республики Казахстан*// <http://pravstat.prokuror.gov.kz/kaz/node/16051> (дата обращения: 24.02.2022.).

2. *Жедел-іздігіру қызметі туралы заңы – Закон Республики Казахстан от 15.09.1994 г. № 154-ХІІІ. С изменениями и дополнениями по состоянию на 03.07.2017 г.* // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000> (дата обращения: 24.02.2022.).

3. *Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы* // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000011S>.

4. *Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть (том 2).* – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 1120 с.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
УГОЛОВНОЕ ПРАВО  
CRIMINAL LAW**

МРНТИ:10.77.51

УДК:343.3/7

*А.Р. Бижанова<sup>1</sup>, М.Ө. Алмахан<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*

**ЗАҢСЫЗ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖАУАПТЫЛЫҚ**

*Аңдатпа*

Кәсіпкерлік – қоғамның экономикалық дамуының қозғаушы күші. Шынайы нарық пен толық бәсекелестік жағдайында кәсіпкер өзі үшін жұмыс істей отырып, бір уақытта бүкіл қоғамға пайда әкеледі [1]. Бұл үшін мемлекет өз тарапынан заңмен тиісті қатынастарды реттеуге және заңмен белгіленген тәртіпті әртүрлі, соның ішінде қылмыстық-құқықтық құралдармен қорғауға міндеттенеді.

Алайда, сот практикасында заңсыз кәсіпкерлік жөніндегі қылмыстық істерді ашуда қиындықтар жиі туындайды. Аталған мәселені шешудің маңызы ерекше. Осыған байланысты авторлар заңсыз кәсіпкерлік ұғымын, оның түрлері мен жауапкершілік мәселесін қарастыруға тырысады.

**Түйін сөздер:** заңсыз кәсіпкерлік, кәсіпкерлік қызметтің заңды шарттары, заңсыз кәсіпкерліктің тізімі, кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу, қылмыстық жауаптылық.

*Бижанова А.Р.<sup>1</sup>, Алмахан М.О.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

**ВИДЫ НЕЗАКОННОЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ**

*Аннотация*

Предпринимательство – движущая сила экономического развития общества. При условии совершенного рынка и полной конкуренции предприниматель, работая для себя, одновременно приносит пользу всему обществу [1]. Для этого государство со своей стороны обязуется регулировать соответствующие законом отношения и охранять установленный законом порядок различными, в том числе уголовно-правовыми средствами.

Однако в судебной практике нередко возникают трудности с раскрытием уголовных дел по незаконному предпринимательству. Решение этой задачи имеет особое значение. В связи с этим авторы пытаются рассмотреть понятие незаконного предпринимательства, его виды и проблему ответственности.

**Ключевые слова:** незаконное предпринимательство, юридические условия предпринимательской деятельности, перечень незаконного предпринимательства, государственная регистрация предпринимательства, уголовная ответственность.

A.R. Bizhanova<sup>1</sup>, M.O. Almakhan<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University

## TYPES OF ILLEGAL BUSINESS ACTIVITY AND LIABILITY

### Abstract

Entrepreneurship is the driving force of the economic development of society. Under the condition of a perfect market and full competition, an entrepreneur, working for himself, simultaneously benefits the whole society [1]. To this end, the State, for its part, undertakes to regulate the relations corresponding to the law and to protect the procedure established by law by various means, including criminal law.

However, in judicial practice, difficulties often arise with the disclosure of criminal cases on illegal entrepreneurship. The solution of this problem is of particular importance. In this regard, the authors try to consider the concept of illegal entrepreneurship, its types and the problem of responsibility.

**Keywords:** illegal entrepreneurship, legal conditions of entrepreneurial activity, list of illegal entrepreneurship, state registration of entrepreneurship, criminal liability.

### Кіріспе

Кәсіпкерлік – бұл өнімді өндіруге, жұмыстарды немесе қызметтерді орындауға арналған жеке тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің коммерциялық қызметінің нысаны. Кәсіпкерлік қызмет – бұл азаматтық заңнама нормаларымен реттелетін, адамның кәсіпкерлік, бастамашылық және оған қатысатын адамдардың салауатты бәсекелестігі арқылы мемлекет экономикасын дамытуға мүмкіндік беретін әлеуметтік пайдалы қызмет. Кәсіпкерлік қызмет объективті түрде нарықтық экономиканың локомотиві бола отырып, еңбек нарығын қалыптастырады, артық өнім жасайды, салықтар мен басқа да алымдарды төлеу есебінен ел бюджетін толтыруға елеулі үлес қосады. Ел экономикасының дамуы мен әділетті әлеуметтік мемлекет құрудың мемлекеттік стратегиясындағы оның үлесі ерекше. Алайда, осы саладағы нақты жағдайды талдай отырып, мұндай оң қорытынды жасау қиын.

Жоғары қаржылық-экономикалық тәуекелді аймақтарда кәсіпкерлерді теңдестіру кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы бұзумен жиі ұштасады. Олар көбінесе заңсыз кәсіпкерлік түрінде көрінеді.

### Негізгі бөлім

Заңсыз кәсіпкерлікті қарастырмас бұрын кәсіпкерлік ұғымына тоқталып кетсек. Оған ҚР АҚ-нің 10-бабында келесідей түсінік беріледі: «Азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі кәсіпкерлік болып табылады» [2].

Анықтамаға сәйкес, кәсіпкерлік қызметті келесідей белгілер сипаттайды: 1) мақсаты - таза кіріс алу; 2) қызметтің дербестігі; 3) жүйелі сипатқа ие; 4) кәсіпкерлік қызмет - мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету нысанында жүзеге асырылады; 5) кәсіпкерлік қызметтегі тәуекелділік; 6) субъектісі - заңда белгіленген тәртіппен кәсіпкер ретінде тіркелген тұлға. О.А. Авдеева болса, осы белгілерге қосымша - кәсіпқой кәсібилік белгісін жатқызады, ол кәсіпкерлерді бір рет қана сауда-саттық мәмілелерімен айналысатын адамдардан ажыратады, деп есептейді [3, 12 б.].

Экономикалық сипаттағы қызметті тәуекелділіксіз елестету мүмкін емес. Бұл қарастырылып отырған қызметке де тән. Кәсіпкердің ісінде шығындар кірістерден асып, пайданың болмауы әбден мүмкін. Сондықтан кәсіпкер өз қызметінде тәуекелге бел буады.

Ғылыми әдебиеттерде, кәсіпкерлікке тұрақтылық, жүйелілік белгілері тән және арнайы мақсатта біріктірілген мәмілелер мен іс-әрекеттердің кезектілігін білдіреді, деген пікір кездеседі [4, 19 б.].

Кәсіпкерлікпен айналысудың заңды шарттарына мыналарды жатқызуға болады:

1) дара кәсіпкер де, кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуге, ал оның ҚР аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері, олар заңды тұлға құқығын иеленбестен есептік тіркеуге жатады;

2) Кәсіпкерлік қызмет тек заңнамамен ғана шектелуі мүмкін [5] Заңмен бекітілген талаптар сақталынбаған ретте кәсіп заңсыз саналады.

Заңсыз кәсіпкерлік – бұл заңмен қойылған талаптарды бұза отырып, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру. Заңсыз кәсіпкерлік ұғымын түсінгенде жоғарыда айтылған белгілерді негізге алу маңызды деп есептейміз.

Заңсыз кәсіпкерлік үшін әкімшілік және қылмыстық заң нормаларымен жауаптылық көрсетілген.

Әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасына келсек, ҚР ӘҚБтК-тің 153-бабына сай, азаматқа (1000 АЕК-тен аспайтын сомада), ұйымға немесе мемлекетке (10 000 АЕК-тен аспайтын) ірі залал келтіретін не ірі мөлшерде (10 000 АЕК-тен аспайтын) кіріс алу немесе акцизделетін тауарларды едәуір мөлшерде (1000 АЕК-тен аспайтын) өндіру, сақтау, тасымалдау не өткізу арқылы кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу - заңсыз кәсіпкерлік болмақ. Сондай-ақ, бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмауы шарт.

Ал ҚР ҚР ӘҚБтК-нің басқарудың белгіленген тәртібіне қолсұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар тарауында заңнамада көзделген жағдайларда заңды тұлғаны, оның филиалдары мен өкілдіктерін қайта тіркемей, қызметті жүзеге асыру (466-бап), сондай-ақ тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру (463-бап) орныққан [6].

Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтК-нің 269-бабында мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою мерзімін бұзғаны үшін жауаптылық бар. Мұнда тұлға жеке кәсіпкер, заңды тұлға кәсіпкер ретінде тіркеліп, бірақ мемлекеттік кіріс органында салық салу субъектісі (салық төлеуші) ретінде тіркелуден жалтарған кезде жауаптылық басталады.

Заңсыз кәсіпкерліктің тізіміне ӘҚБтК-тің 153-бабының диспозициясында көрсетілгендей, кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу жатса, ал қылмыстық заңнамада (ҚК-тің 214-бабы) қызметті тіркеусіз, міндетті лицензиясыз, ҚР рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру, сол сияқты кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу құрайды [7]. Яғни, әкімшілік заңнамадағы аталған ұғымның көлемі қылмыстық заңнамадағыдан тар және басқа тараулармен қарастырылған.

Азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіріп, не ірі мөлшерде кіріс ала отырып, тіркеусіз немесе арнаулы рұқсатсыз (лицензиясыз) банктік қызметті (банк операцияларын) жүзеге асырғаны үшін ҚР ӘҚБтК-тің 155-бабымен (Заңсыз банктік қызмет) әкімшілік жауаптылық бар.

Заң шығарушы қолданыстағы ҚР қылмыстық заңнамасында заңсыз кәсіпкерлікті заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызметпен бір нормамен қарастырады (214-бап). Яғни бұл қылмыстық іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілік дәрежесі, сипаты бірыңғай дегенді білдіреді. Алайда, ҚР ӘҚБтК-де заңсыз кәсіпкерлік пен заңсыз банктік жеке нормаларда қаралып, құқық бұзушылықтың объективті жағын сипаттайтын іс-әрекеттердің тізімдері әркелкі. Мысалы, ҚР ӘҚБтК-тің 155-бабының (Заңсыз банктік қызмет) диспозициясында тіркеусіз немесе арнаулы рұқсатсыз (лицензиясыз) банктік қызметті (банк операцияларын) жүзеге асыру, ал ӘҚБтК-тің 153-бабында (Заңсыз кәсіпкерлік) кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу қаралады. Соңғы нормада қызмет түрімен тіркеусіз, не лицензиясыз айналысу заңсыз кәсіпкерлік ұғымымен қамтылмайды. Олар ӘҚБтК-тің өзге тарауларында қаралған, қолсұғу объектілері өзге, яғни кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар (14-тарау) емес.

Кейбір ТМД елдерінің қылмыстық заңнамаларында заңсыз кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауаптылық нормасы отандық нормалардан ерекшеленеді. Мысалы, Ресей қылмыстық

заңнамасына сай, заңсыз кәсіпкерлік ұғымына қызметті тіркеусіз, лицензиясыз жүзеге асырумен қатар аккредитациялаусыз жүзеге асыру кіреді [8].

Ал, Белорусия Республикасының бұрынғы қылмыстық заңнамасында «Заңсыз кәсіпкерлік қызмет» деп аталған норма бүгінде «Арнайы рұқсатсыз (лицензиясыз) жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет» (ҚК-нің 233-бабы) деген атауға ие [9].

Байқап отырғанымыздай, заңсыз кәсіпкерліктің тізімі отандық қылмыстық және әкімшілік заңнамаларында және шетел заңнамаларында бірыңғай қарастырылмаған.

Енді заңсыз кәсіпкерлік ұғымын нақтылай түсу үшін ҚК-тің 214-бабының диспозициясында келтірілген заңсыз кәсіпкерлік тізімдеріне тоқталып өтсек.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысудың міндетті шарты - бұл мемлекеттік тіркеуден өту болып табылады.

Кәсіпкерлердің салық төлеуін, сондай-ақ олардың қызметін бақылау мемлекеттік тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Арнайы тіркелінбеген кәсіпкерлік қызметтің кірістерінің мөлшерін-салық салынатын базаны анықтауға және салықтар мен алымдардың сомасын есептеуге мемлекеттің мүмкіндігі болмайды. Жеке кәсіпкер ретінде тіркелу үшін сізге кәсіпкерлік қызметтің басталғаны туралы салық органына хабарлау жеткілікті. Кәсіпкерлік қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу үшін электрондық лицензиялау порталында тіркеуден өту қажет (elicense.kz). Ал заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу арнайы заңмен реттелінеді [10].

Кәсіпкерлік кодекстің 35-бабының 3, 4-тармақтарында және салық заңнамасында тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы.

Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 Нормативтік қаулысына сай, «5. Жеке тұлғаның тіркеуші органда дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылғаннан кейін (Кәсіпкерлік кодекстің 38-бабының 4-тармағы), заңды тұлғаның Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне қызметті тоқтату туралы мәліметтер енгізілгеннен кейін (Мемлекеттік тіркеу туралы заңның 16-бабы) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы тіркеу белгісінің болмауы бойынша заңсыз кәсіпкерлік деп танылады» [11].

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, заңсыз кәсіпкерлік қызмет бұл – тіркеусіз кәсіпкерлік қызмет. Ал, тіркеусіз кәсіпкерлік қызмет деп заңда көзделген тәртіппен қажетті құжаттарды мемлекеттік тіркеу органдарына тіркеу үшін ұсынбай жүзеге асырылатын қызметті түсінеміз.

С. Коровинскийдің пікірінше, салық төлемдері түсімдерінен бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыру саласындағы мемлекеттің қаржылық мүдделері мен адал бәсекелестік қағидатын бұзу заңсыз кәсіпкерлік қызметтің факультативті объектілері болып табылады. «Көлеңкелі экономикалық қызметпен айналысатын тұлғалар мемлекетке ешқандай салық, төлем және алым төлемейді. Осылайша, нарықтық экономика жағдайында прогрестің басты тетігі болып табылатын адал бәсекелестік қағидасы бұзылады» [12, 44 б.].

Кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметті белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден жалтаруы тіркелмеген кәсіпкерлік қызмет болып табылады [13, 134 б.].

Кәсіпкерлік қызметті тіркеу міндеті азаматтық заңдардың императивті нормасы [14, 12 б.]. Кәсіпкердің еркінен тыс қандай да бір себептермен тіркелмегені, мемлекеттік тіркеуден қасақана жалтарғаны, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адам мемлекеттік тіркеу міндетті екенін туралы білгені немесе білмегені заңсыз кәсіпкерлікті саралау кезінде маңызды емес [15, 75 б.].

Мұндай лицензия міндетті болған жағдайда кәсіпкерлік қызметті лицензиясыз жүзеге асыру заңсыз кәсіпкерліктің екінші түрі болып табылады. Лицензия талап етілетін қызмет түрлерінің тізбесі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР заңның 28-бабымен айқындалған [16].

Лицензия көрсетілген қызметтің нақты түрінің түрін белгілі бір мерзім ішінде жүзеге асыруға рұқсат етілетін ресми құжат болып табылады.

Сондай-ақ, лицензияда кәсіпкерлік қызметтің қандай да бір түрі жүзеге асырылатын шарттар айқындалады. Лицензиялануға жататын әрбір қызмет түріне жеке лицензия алынуы тиіс.

Кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыру құқығы осы лицензияны алған кезден бастап немесе лицензияда көрсетілген мерзімде туындайды.

Сот, сондай-ақ лицензиялау органдары лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға немесе тіпті күшін жоюға құқылы. Мұндай жағдайларда кәсіпкерлік қызметті жүргізуді жалғастыру кәсіпкерлік қызметті лицензиясыз жүзеге асыру ретінде қаралатын болады, яғни іс жүзінде заңсыз кәсіпкерлік қызмет болып табылады.

Егер тұлға лицензия талап етілетін қызметпен айналысса және кәсіпкер ретінде тіркелмеген болса, оған екі бұзушылық үшін де айып тағылуы керек [17, 157 б.].

Кәсіпкерлік қызметті лицензиясыз жүзеге асыру кезінде түсетін пайданың көлемі көп болады, интенсивтілік дәрежесі жоғары және оның басқа да ұқсас іс-әрекеттермен қоғамдық қауіптілік дәрежесі жоғары [18, 43 б.].

Ең алдымен, кәсіпкерлік қызметті лицензиясыз жүзеге асыру келесі жағдайларда заңсыз деп танылуы мүмкін:

1) лицензияны алу үшін құжаттар уәкілетті органға жіберілген, бірақ лицензия әлі алынбаған;

2) лицензия кәсіпкерлік қызметтің басында-ақ алынбаған, өйткені аталған қызмет субъектісі оны алу қажет екенін білмеген (Заңды білмеу оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды) не білген, бірақ қандай да бір себептермен оны сатып алғысы келмеген;

3) лицензия алынған, бірақ оны алудың белгіленген тәртібін бұза отырып алынған және осыған байланысты оның заңдық күші болмайды;

4) лицензия заңда белгіленген тәртіппен алынған, бірақ оның қолданылу мерзімі аяқталған және ол өзінің заңды күшін жоғалтқан;

5) лицензия заңда белгіленген тәртіппен алынған, оның қолданылу мерзімі өтпеген, бірақ жол берілген бұзушылықтар (лицензия шарттарын сақтамағаны) үшін оның қолданылуы тоқтатыла тұрған не оның күші жойылған (кері қайтарып алынған), яғни өзінің заңды күшін мерзімінен бұрын жоғалтқан жағдайларда лицензия қайтарып алынады.

Лицензия шарттарын бұзу деп, мысалы, лицензияда көрсетілген аумақтан тысқары жерде тауарларды сату (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) немесе лицензияда көрсетілген сатылатын тауарлардың (жұмыс түрлерінің, көрсетілетін қызметтердің) тізбесін өз бетінше кенейту түсініледі.

Заң шығарушымен *кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысқаны* үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. Бұл *-заңсыз кәсіпкерліктің* кезекті түрі. ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 Нормативтік қаулысында: Тыйым салынған қызмет түрлері деп онымен айналысқаны үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылық белгіленген қызмет танылады.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын өткізу мақсатында заңсыз дайындау, сақтау, тасымалдау немесе өткізу. Бұл қызмет түрімен айналысқан жағдайда осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық туындайды, оның жасаған әрекеті ҚК-нің 214-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді, делінеді [11].

Демек, заң тыйым салатын кәсіпкерлік қызмет, ол ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімінде арнайы нормамен жауаптылық көрсетілген қызметтерді қоспағанда, адамзатқа, оның өмірі мен денсаулығына, қоғамға, мемлекетке қауіпті қылмыстық іс-әрекеттер.

ҚР Салық кодексінде және салық заңнамасы бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерде кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерінің тізбесі жоқ. Экономикалық қызмет түрлерінің классификаторы бар [19]. ЖК немесе заңды тұлғаны тіркеу кезінде тізбеден сәйкес кодтарды таңдайды.

Қазақстанның заңнамасында кәсіпкерлікті тіркеу кезіндегі заңсыз әрекеттердің тізбесі көрсетіледі, олар үшін әкімшілік қана емес, қылмыстық жауапкершілік те жүктелуі мүмкін. Оларға мыналар жатады:

1. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік тіркеусіз немесе уәкілетті органда тіркеу қағидаларын бұза отырып жүзеге асыру.

2. Кәсіпкерлік қызметті лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік аттестациясыз (міндетті болған жағдайларда) жүзеге асыру.



3. Кәсіпкерлік қызметті лицензиялық шарттарды бұза отырып немесе лицензияның қолданылуын тоқтата тұру кезеңінде жүзеге асыру.

4. Кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу.

5. Лицензияларды және өзге де рұқсаттарды мемлекеттік тіркеуді немесе беруді жүзеге асыратын уәкілетті органға көрінеу жалған мәліметтерден тұратын құжаттарды беру.

6. Заңды тұлғаны, филиалды немесе өкілдікті тиісті қайта тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру.

7. Жалған кәсіпкерлік [20].

Заңсыз кәсіпкерліктің келесі түрі - *ҚР рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру.*

«Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және осы Заңда көзделген басқа да тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді жүзеге асыруына рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңымен қарастырылған (4-тарау. Рұқсаттар; 8-тарау. Хабарлама жасау тәртібі). Лицензиат рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 33-бабының лицензияны және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы талаптарын орындамаған жағдайда ҚК-нің 214-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды» [16].

Жоғарыда аталған барлық әрекеттер заңсыз кәсіпкерліктің объективті жағын құрайды. Осы қылмыстың тікелей объектісі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі, ал субъектілері - он сегіз жасқа толған, ақыл-есі дұрыс азаматтар, лауазымды және заңды тұлғалар болып табылады. Субъектілер ретінде Қазақстанның азаматтары мен заңды тұлғалары, сондай-ақ шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар бола алады.

Заңсыз кәсіпкерлік қызметтің субъективті жағының міндетті белгісін тікелей қасақана нысанындағы кінә құрайды.

### **Қорытынды**

ҚР ҚК-нің 214-бабының диспозициясына сүйеніп, заңсыз кәсіпкерлік кәсіпкерлік қызметті жүргізу тәртібін реттейтін заңнаманы бұза отырып жүзеге асырылатын әрекеттерден тұрады. Яғни, кез-келген кәсіпкерлік қызметті заңды түрде жүргізудің міндетті шарттары жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өту; заң тыйым салмайтын қызмет түрімен айналысу; қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін лицензия алу, сондай-ақ ҚР рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын сақтай отырып, жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпкерлердің қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды бірнеше мемлекеттік органдар (28) жүзеге асырады [21]. Жыл бойында осы органдардың өкілдері бақылау жүргізбек болса, онда бірнеше тексеруден өтетін кәсіпкердің жағдайын елестету қиын емес. Сондықтан заңдарды біліп қана қоймай, сонымен бірге орындау да керек - сонда ешбір тексеріс қорқынышты болмасы анық.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ваганова Н.А. *Незаконное предпринимательство и лжепредпринимательство в Республики Казахстан*// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30769957/](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30769957/) (дата обращения: 20.02.2022.).

2. *Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (2022.12.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ*// [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_)

3. Авдеева О.А. *Незаконное предпринимательство: уголовно-правовая характеристика и ответственность: Автореф. дисс... на соиск. уч. ст. канд. юрид. наук. –Иркутск, 2009. –22 б.*

4. Попондопуло В.Ф. *Коммерческое (предпринимательское) право: Учебник. – М., 2008. – 296 с.*

5. *Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ*// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

6. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 ж. 5 шілде № 235-V (2022.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>.
7. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2022.10.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31575294#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2).
8. «Уголовный кодекс Российской Федерации» от 13.06.1996 №63-ФЗ (ред. от 28.01.2022) // [http://www.consultant.ru/document\\_cons\\_doc\\_LAW\\_10699\\_/cc12ef68af6f5296cb8a9dad10\\_ca87865d02f12f/](http://www.consultant.ru/document_cons_doc_LAW_10699_/cc12ef68af6f5296cb8a9dad10_ca87865d02f12f/) (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)
9. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года №275-3 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.01.2022 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30414984&pos=2086;-51#pos=2086;-51](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984&pos=2086;-51#pos=2086;-51)
10. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі №2198 Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002198>. (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)
11. Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 Нормативтік қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000003S>
12. Коровинских С. Уголовная ответственность за незаконное предпринимательство // Российская юстиция. – М., 2000. – № 4. – С. 42-48.
13. Александров А.С. Современная уголовная политика обеспечения экономической безопасности путем противодействия преступности в сфере экономики: Монография. – М.: Юрлитинформ, 2017. – 608 с.
14. Колесников П.М. Расследование незаконного предпринимательства: Автореф. дисс. ... на соиск. уч. степ. канд. юрид. наук / Российская таможенная академия. – М., 2006. – 26 с.
15. Бертовский Л.В. Выявление и расследование экономических преступлений: Учебно-практическое издание. – М.: Экзамен. 2003. – 256 с.
16. Рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)
17. Артемьев Н.В., Латов Ю.В., Наумов Ю.Г. Криминализация экономики и экономическая безопасность России: Учебник. – М.: Академия управления МВД России, 2018. –264 с.
18. Лазнов Н.В., Слеженков В.В. Развитие уголовной ответственности за незаконное предпринимательство // Поиск, 2017. – № 2. – С. 42-48.
19. Код ОКЭД РК 2022 (ОКЭД-2022). Общій классификатор видов экономической деятельности // <https://statinfo.kz/oked-rk.html/> (дата обращения: 20.02.2022.).
20. Султангазиев М.Е. Понятие и виды предпринимательской деятельности // <https://legalpro.kz/ponyatie-i-vidy-predprinimatelskoy-d/> дата обращения 20.02.2022.
21. Незаконное предпринимательство в Казахстане: кого оштрафуют, а кого посадят // <https://dzhk.kz/nalogi/nezakonnoe-predprinimatelstvo-v-kazahstane-kogo-oshtarafujut-a-kogo-posadyat/> дата обращения 20.02.2022.

МРНТИ: 10.77.01

УДК: 343.2/.7

С.Ш. Даубасов<sup>1</sup>, Б.П. Жақсымбетов<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

<sup>2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЭКСТРАДИЦИЯ ИНСТИТУТЫН ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада беру институтын халықаралық және Ұлттық құқықта жүзеге асыру мәселелері және оларды шешу жолдары қарастырылады. Мемлекеттердің экстрадициялау саласындағы ынтымақтастығының нысандары, сондай-ақ қауіпті іс-әрекет жасауға кінәлі адамдарды жазалаудың бұлтартпастығын қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық келісімдер қаралады.

**Түйін сөздер:** экстрадиция, халықаралық құқық, халықаралық ынтымақтастық, ұстап беру туралы шарт.

*Даубасов С.Ш. <sup>1</sup>, Жақсымбетов Б.П. <sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Казахский национальный аграрный исследовательский университет

<sup>2</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая

## ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ИНСТИТУТА ЭКСТРАДИЦИИ В МЕЖДУНАРОДНОМ И НАЦИОНАЛЬНОМ ПРАВЕ

*Аннотация*

В статье исследуются проблемы реализации института выдачи в международном и национальном праве и пути их решения. Рассматриваются формы сотрудничества государств в сфере экстрадиции, а также международные соглашения, направленные на обеспечение неотвратимости наказания лиц, виновных в совершении опасного деяния.

**Ключевые слова:** экстрадиция, международное право, международное сотрудничество, договор о выдаче.

*S.Daubassov<sup>1</sup>, B.P. Zhaxymbetov<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Kazakh National Agrarian Research University

<sup>2</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University

## PROBLEMS OF IMPLEMENTATION OF THE INSTITUTION OF EXTRADITION IN INTERNATIONAL AND NATIONAL LAW

*Abstract*

The article examines the problems of implementation of the institute of extradition in international and national law and the ways to solve them. We consider the forms of cooperation of states in the field of extradition, as well as international agreement aimed at ensuring the inevitability of punishment of persons guilty of committing a dangerous act.

**Keywords:** extradition, international law, international cooperation, treaties.

Қазіргі әлемде қылмыс мәселесі жекелеген мемлекеттер үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін қауіпті. Қылмыс сипатының күрделенуіне байланысты мемлекеттердің қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастығына байланысты мәселе өзекті болып отыр. Соңғы жылдары жекелеген мемлекеттердің аумағында қылмыс жасады деп айыпталған адамдардың саны шет

елдердің аумағында сот төрелігінен жасырынып жүр. Экстрадициялау саласындағы мемлекеттердің ынтымақтастығы қазіргі заманғы халықаралық қылмыстық құқықты реттеу саласына жатады. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету шеңберінде іске асырылатын қылмысқа қарсы күресте мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық нысандарының бірі экстрадициялау (қылмыскерлерді ұстап беру) болып табылады.

Кез-келген қылмысты әрдайым жазалау керек деген қағида халықаралық қылмыстық заңда бұрыннан императивті деп саналған, сондықтан осы қағиданы жүзеге асыру үшін қажетті ережелер мен рәсімдерді жеңілдету бүгінгі күннің ең маңыздыларының бірі болып табылады. Сондай-ақ, қылмыспен күресте мемлекеттердің ынтымақтастығы процесінде ережелер мен рәсімдерді белгілеу оңай процесс емес; бұл мәселені шешуде көбінесе бірдей емес егемен мемлекеттердің мүдделері кездеседі.

Экстрадиция институты үнемі дамып, жетілдіріліп отыратындықтан, мұндай ынтымақтастық халықаралық қатынастарды дамыту үшін қажет [1].

Қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттер жасаған адамдарды ұстап беру (әдетте, жалпы қылмыстық қылмыстар) қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастықтың тиімділігін арттыратын құрал болып табылады, оған өңірлік және жергілікті (мемлекетаралық ынтымақтастықтың екі жақты деңгейінде) неғұрлым маңызды мән беріледі. Мәселен, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарының қылмысқа қарсы күрестегі өзара іс-қимылының негізгі нысандары бірлескен тергеу және жедел-ізвестіру іс-қимылдарын жүзеге асырумен, сұрау салулар мен өтініштерді орындаумен, халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастықпен қатар бұрынғысынша танылады:

а) қылмыстық жауаптылыққа тарту, үкімді орындау үшін адамдарды ұстап беру және тиісті шарттарда көзделген тәртіппен жазасын одан әрі өтеу үшін сотталғандарды беру;

б) егер экстрадициялауға жол берілмеген жағдайда, өз мемлекетінің азаматтарын ТМД-ға қатысушы басқа мемлекеттердің аумақтарында қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуды қамтамасыз ету [2].

Әрбір мемлекеттің қылмыспен күресуге деген ұмтылысы Халықаралық қылмыстық құқықтың маңызды институттарының бірі ретінде экстрадиция институтына ерекше назар аударылатын көпжақты және екіжақты шарттар жасасу үшін негіз болып табылады. Экстрадициялау туралы халықаралық келісімдер қандай да бір қауіпті іс-әрекет жасаған адамдар үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Экстрадициялауды көздейтін халықаралық шарттардың көптігіне қарамастан, олар мінсіз емес. Бұған дәлел-экстрадиция саласындағы бірыңғай стандарттардың болмауы.

Осылайша, экстрадиция институты мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы саласында біріктіруші функцияны орындайды, қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық міндеттемелерді орындаудың маңызды құралы болып табылады.

Қылмыстық істер бойынша мемлекеттер арасында құқықтық ынтымақтастықтың жоқтығы фактісі қылмыс бір мемлекетте қылмыс жасау, содан кейін басқа мемлекеттің аумағында жасыру және сол арқылы қылмыстық жазадан аулақ болу, ал кейбір жағдайларда қылмыстық әрекетті жалғастыру үшін сәтті қолданылады. Ұстап беру рәсімдерінің қиындауы, негізінен, тиісті ұлттық заңнаманың жетілмегендігімен немесе болмауымен, мемлекеттердің халықаралық және Ұлттық нормаларын қолдану проблемаларымен, азаматтықпен және шешуді талап ететін өзге де факторлармен байланысты. Жағдай ұлттық ғана емес, сонымен бірге халықаралық қауіпсіздіктің негізін бұзатын қылмыстардың саны артып келе жатқандығымен күрделенеді [3].

Қазіргі кезеңдегі экстрадиция институтының рөлі артып келеді, бұған мемлекеттердің осы саладағы өсіп келе жатқан белсенділігі дәлел бола алады: жаңа заңдар қабылданады, халықаралық келісімдер жасалады, халықаралық ұйымдардың қарарлары қабылданады, сот тәжірибесі барған сайын кеңейе түсуде. Экстрадициялау мәселелерін зерттеудің орындылығы қазіргі уақытта Ұлттық қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы олқылықтарды жою, халықаралық құқықтың талаптары мен стандарттарына байланысты құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру қажеттілігінен туындайды.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта экстрадициялауға арналған көптеген мәселелер аз зерттелуде, осы институтты теориялық түсінуге және оның құқықтық нормаларын дұрыс тәжірибелік қолдануға байланысты көптеген өзекті мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр.

Ұстап беру институты халықаралық құқықта да, ұлттық қылмыстық заңнамада да қылмыстық жауаптылыққа және (немесе) жазасын өтеуге тарту үшін Бір (сұрау салынатын) мемлекет басқа (сұрау салушы) мемлекетке қылмыс жасаған адамды беруді регламенттейтін нормативтік нұсқамалардың жиынтығын білдіреді [4].

Алайда, кейбір елдер тиісті Еуропалық конвенцияға қатысқанына қарамастан, сұрау салынатын мемлекетке «өз азаматтарын беру» деген 6-баптың ережелерін елемей, өз азаматтарын ұстап беру туралы өтініш жасайды. Мұндай прецеденттер халықаралық құқықтың негізгі принциптеріне қайшы келеді, оған сәйкес мемлекет өзіне қабылданған шарттық-құқықтық міндеттемелерді орындауға міндетті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, қылмыспен күресте мемлекеттердің ынтымақтастығы саласындағы өте маңызды жетістіктерге қарамастан, экстрадициялау сияқты халықаралық қылмыстық әділет институтын іс жүзінде жүзеге асыруда біркелкі тәсіл жоқ деп айтуға болады.

Өздеріңіз білетіндей, экстрадиция институтының қалыптасуы халықаралық құқықтың дамуымен қатар жүрді және барлық тарихи кезеңдерді қамтиды. Бұл экстрадиция институты әлемдік қоғамдастықта бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың алдын алу міндеттерін шешуге бағытталған халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру қажеттілігі туындағанға дейін белгілі болды.

Ежелгі әлемде экстрадициялау тәжірибесінің бар екендігінің дәлелі – б.з.д. 1296 жылы (1278) жасалған Мысыр перғауыны Рамсес II-нің Хетт патшасы Хетту-шил III-мен жасасқан шарты. Онда «Егер біреу Мысырдан қашып, Хетт еліне кетсе, онда Хетт патшасы оны ұстамайды, бірақ Рамсес еліне оралады» делінген. Шарттың мәтінінен тек қылмыстық қылмыскерлер ғана емес, хетттер елінде болатын және Египет талап ететін барлық адамдар да ұсталуы керек [5].

Ежелгі Грецияда афиналықтардың Македония патшасы Филипке оның өміріне қол сұғатын барлық адамдарды беруге келіскендігінің мысалы бар, ал ахайлар Спартаға, егер оның ауылдардың біріне шабуыл жасаған азаматтары берілмесе, одақтың бұзылуымен қорқытты.

Алайда, егер құлдық дәуірде экстрадиция институты мемлекеттердің бытыраңқылығы мен бәсекелестігіне байланысты өте сирек қолданылса, онда феодализм кезеңінен бастап және одан әрі экстрадициялық шарттардың саны өсті, сондай-ақ саяси себептер бойынша қудаланатын адамдарды (сұрау салынатын мемлекеттің аумағында баспана берілген адамдарды) және өз азаматтарын ұстап бермеу қағидаттары бекітілді.

Халықаралық құқыққа сәйкес ұстап беру тиісті мемлекеттер арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады. Бұл не екіжақты шарт, не сұрау салушы мемлекет те, сұрау салынатын мемлекет те қатысушылары болуға тиіс көпжақты конвенция болуы мүмкін. Еуропалық жүйеге негізделген ұстап беру туралы халықаралық нормалар 1957 жылы Кеңес қабылдаған, кейіннен БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы қарарымен қабылданған ұстап беру туралы үлгілік шарттың негізіне айналған құқық бұзушыларды ұстап беру туралы Еуропалық Конвенциямен кодталған [6].

Беру мәселелері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде 2002 жылғы 7 қазанда жасалынған азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенцияда да регламенттеледі. Беру мәселелері жөніндегі халықаралық шарттардың кіріспелерінде уағдаласушы мемлекеттер егемендікті, тең құқылықты және өзара пайданы құрметтеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, сондай-ақ халықаралық құқықтың басқа да нормалары негізінде мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылатыны атап өтілген:

- а) қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты нығайту және кеңейту;
- б) қылмысқа қарсы күрес саласында бірлескен күш-жігерді неғұрлым тиімді ету;
- в) ұстап беру тәртібін регламенттеуге мүмкіндік беретін екіжақты құқықтық тетіктерді құру арқылы сот төрелігінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу [7].

Еліміздің заңнамасына келетін болсақ, ол экстрадиция саласындағы мәселелерді де реттейді. Адамдарды ұстап беру туралы тиісті нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясында [8], Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде [9], Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінде [10] бар.

Сонымен бірге, қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасы одан әрі жетілдіруді қажет етеді, егер сұрау мемлекеттік құпияны құрайтын ақпараты бар адамға қатысты жіберілген болса, ұстап беру туралы қосымша қосымша ереже, өйткені оны жариялау елдің егемендігіне, қауіпсіздігіне және басқа мүдделеріне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін [11].

Нормативтік-құқықтық актілер мен ғылыми әдебиеттерді талдағаннан кейін, экстрадиция институтында көптеген шешілмеген мәселелер бар екенін атап өтуге болады, атап айтқанда:

1. Экстрадицияның құқықтық табиғатын түсіну бірдей емес. Кейбір ғалымдар қылмыскерлерді ұстап беру тек әкімшілік мәселе деп санайды, өйткені көбінесе бұл туралы шешімді сот емес, үкімет немесе мемлекеттің басқа органы қабылдайды. Демек, бұл институтты әкімшілік немесе мемлекеттік заңға жатқызуға болады. Сонымен бірге экстрадицияны қылмыстық іс жүргізу құқығының институты ретінде қарастырған жөн, өйткені қылмыс жасаған адамды басқа елге беру тәртібі белгілі бір іс жүргізу кепілдіктерін сақтай отырып жүргізілуі керек. Экстрадицияны қылмыстық заңның бөлігі ретінде атап айтқанда жазаны орындау институты деп санауға болады.

2. Еуропа елдерінде экстрадициялау туралы шешімді, әдетте, сот органдары, атап айтқанда қарапайым қылмыстық соттар қабылдайды. Сонымен бірге, көптеген елдер қылмыскерлерді ұстап беру мәселелерін шешу үшін арнайы сот органдарын – төтенше соттарды құруға мүмкіндік береді деп санайды. Сондықтан халықаралық әділет жүйесіне ерекше соттарды енгізудің орындылығы туралы мәселені қарау қажет.

3. Халықаралық шарттарда және мемлекеттердің ішкі (ұлттық) қылмыстық заңнамасында дефинитивті аппарат жоқ, «экстрадициялау» ұғымы заңнамалық түрде айқындалмаған, «қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек», «қылмыскерді ұстап беру», «сотталған адамды беру» дефинициялары айқындалмаған. Мұның бәрі экстрадиция сияқты проблеманың маңыздылығы туралы айтуға мүмкіндік береді, әсіресе жоғары лауазымды тұлғалардың халықаралық құқықтық жауапкершілігі туралы мәселені жетілдіруді талап етеді.

4. Экстрадициялау мәселелері әртүрлі салалық заңдармен реттелетін мемлекеттерде нормалардың қайталануы жиі орын алады, бірақ экстрадициялаудан бас тартудың құқықтық негіздемесіне қатысты көптеген ережелер оларда көзделмеген. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, экстрадициялаудың барлық мәселелерін мемлекетішілік құқықтың бір саласында немесе экстрадициялау туралы арнайы заңда қарастыру заңды болар еді, әсіресе экстрадициялау туралы үлгі шарт аталған проблемаға ұқсас көзқарас жасауға мүмкіндік береді. Осының барлығы кейіннен экстрадициялаудан бас тарту үшін құқықтық негіздердің бірыңғай стандарттарын белгілеуге ықпал ететін болады, бұл өз кезегінде экстрадициялауды ұсыну практикасындағы проблемаларды болдырмауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні халықаралық құқықта барлық елдер қатысатын әмбебап халықаралық шарт (конвенция) жоқ.

5. Экстрадицияны құқықтық реттеу, әдетте, екі жақты келісімдерге негізделген. Алайда мемлекеттер арасында мұндай келісім болмаған және экстрадициялау туралы мәселе ұлттық деңгейде шешілетін жағдайлар бар.

Біздің ойымызша, экстрадициялық ережелерді біріздендірудің қазіргі проблемасы БҰҰ аясында ұстап беру туралы әмбебап Конвенцияны қабылдау арқылы шешілуі мүмкін, бұл мемлекеттердің экстрадициялық заңнамасын одан әрі жетілдіру және біріздендіру мәселелерін өзектендіреді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Измайлова П.Р. *Институт выдачи в международном уголовном праве // Тр. Ин-та гос. и права РАН. – 2010. – № 3. – С. 37.*

2 Кибальник А.Г. *Современное международное уголовное право: теория и практика уголовного права и уголовного процесса. – М., 2016. – С. 304.*

3 Сафаров Н.А. Экстрадиция в международном уголовном праве: проблемы теории и практики. – М., 2015. – С. 158.

4 Панов В.П. Международное уголовное право. – М., 2015. – С. 5320.

5 Кузнецов Д.В. Развитие международного права XX в.: Монография. - М., 2001. С. 87.

6 Европейская Конвенция о выдаче от 13.12.1957 г. // <http://docs.cntd.ru/document/1902174/> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

7 Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенция // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000531> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

8 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамыздағы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

9 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

10 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі 2014 ж. 4 шілдедегі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)

11 Nguyen Van Dung. Ensuring the principle of litigation in Vietnamese criminal proceedings // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Юриспруденция» сериясы, 2021. - №3(65). – Б. 33-41.

МРНТИ:10.77.01

УДК: 343.2/7

Чмирова Р.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>НАО «Университет Нархоз»

## НАЛОГОВЫЕ УГОЛОВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ, УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ, ПРИЧИНЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ

### Аннотация

Данная статья посвящена анализу проблем текущего состояния налоговых уголовных правонарушений, уголовной ответственности за их совершение, причин, последствий и перспектив их предупреждения. Борьба с налоговой преступностью является одной из концептуальных задач правоохранительных органов Республики Казахстан. Важность поднимаемой нами проблемы подтверждается систематическими реформами национального законодательства Казахстана, как налогового, так и уголовного. С начала текущего года в Казахстане зарегистрировано 496 экономических преступлений, из них 55 преступлений приходится на налоговые правонарушения, что говорит о высокой частотности данного вида преступлений среди экономических правонарушений [1].

**Ключевые слова:** налоговые уголовные правонарушения, уголовная ответственность, юридические лица, бюджет государства.

Р. Чмирова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> «Нархоз университеті» КЕАҚ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

### Аңдатпа

Бұл мақала салықтық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қазіргі жағдайын, оларды жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті, себептерін, салдарын және келешегін және олардың алдын алу мәселелерін талдауға арналған. Салық қылмысымен күресу Қазақстан



Республикасы құқық қорғау органдарының тұжырымдамалық міндеттерінің бірі болып табылады. Біз көтерген мәселенің маңыздылығын Қазақстанның ұлттық заңнамасының салықтық және қылмыстық заңнамасының жүйелі реформалары растайды. Ағымдағы жылдың басынан бері Қазақстанда 496 экономикалық қылмыс тіркелді, оның ішінде 55 қылмыс салықтық құқық бұзушылықтарға қатысты, бұл қылмыстың осы түрінің экономикалық қылмыстар арасында танымалдылығын көрсетеді [1].

**Түйін сөздер:** салықтық қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыстық жауапкершілік, заңды тұлғалар, мемлекеттік бюджет.

*R.Chimirova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>NpJSC «Narxoz University»*

## **TAX CRIMINAL OFFENSES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: CURRENT STATE, CRIMINAL LIABILITY, CAUSES AND PROSPECTS FOR PREVENTION**

### *Abstract*

This article is devoted to the analysis of the problems of the current state of tax criminal offenses, criminal liability for their commission, causes, consequences and prospects and their prevention. The fight against tax crime is one of the conceptual tasks of the law enforcement agencies of the Republic of Kazakhstan. The importance of the problem raised by us is confirmed by the systematic reforms of the national legislation of Kazakhstan, both tax and criminal. Since the beginning of this year, 496 economic crimes have been registered in Kazakhstan, of which 55 crimes are related to tax offenses, which indicates the popularity of this type of crime among economic crimes [1].

**Keywords:** tax criminal offenses, criminal liability, legal entities, state budget.

Текущее состояние налоговых уголовных правонарушений отражает популярность их совершения в Казахстане. Основным видом совершенных налоговых уголовных преступлений является уклонение от уплаты налога и (или) других обязательных платежей в бюджет с организаций. Таким образом из 55 налоговых уголовных правонарушений 50 преступлений (90%) приходится на данный вид правонарушения.

Статья 245 Уголовного Кодекса Республики Казахстан уклонение от уплаты налога и (или) других обязательных платежей в бюджет с организаций, гласит:

«Уклонение от уплаты налога и (или) других обязательных платежей в бюджет с организаций путем непредставления декларации, когда подача декларации является обязательной, либо внесения в декларацию заведомо искаженных данных о доходах и (или) расходах, путем сокрытия других объектов налогообложения и (или) других обязательных платежей, если это деяние повлекло неуплату налога и (или) других обязательных платежей в крупном размере, –

наказывается штрафом в размере до двух тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до восьмисот часов, либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет.

2. То же деяние, совершенное:

1) с использованием счета-фактуры без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров;

2) группой лиц по предварительному сговору, –

наказывается штрафом в размере до четырех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до одной тысячи часов, либо ограничением свободы на срок до четырех лет, либо лишением свободы на тот же срок, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет.



3. Деяния, предусмотренные частями первой или второй настоящей статьи, совершенные преступной группой либо в особо крупном размере, –

наказываются штрафом в размере от двукратной до трехкратной суммы не поступивших платежей в бюджет либо лишением свободы на срок от пяти до восьми лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет.

Примечание. Лицо, совершившее деяние, предусмотренное настоящей статьей (за исключением деяния, совершенного преступной группой), освобождается от уголовной ответственности в случае добровольной уплаты задолженности по налогам и (или) другим обязательным платежам в бюджет, а также пени, установленных законодательством Республики Казахстан» [2].

Второй по популярности вид налогового преступления - Уклонение от уплаты таможенных платежей и сборов 7% от общего числа совершенных налоговых уголовных правонарушений.

Статья 236 Уголовного Кодекса Республики Казахстан уклонение от уплаты таможенных пошлин, таможенных сборов, налогов, специальных, антидемпинговых, компенсационных пошлин, содержит следующее:

«1. Уклонение от уплаты таможенных пошлин, таможенных сборов, налогов, специальных, антидемпинговых, компенсационных пошлин в крупных размерах –

наказывается штрафом в размере до восьмидесяти месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до восьмидесяти часов, либо арестом на срок до двадцати суток.

2. То же деяние, совершенное должностным лицом с использованием своего служебного положения, –

наказывается штрафом в размере до одной тысячи месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до четырехсот часов, либо ограничением свободы на срок до одного года, либо лишением свободы на тот же срок.

3. Деяния, предусмотренные частями первой или второй настоящей статьи, совершенные преступной группой, –

наказываются лишением свободы на срок от двух до пяти лет.

Примечание. Лицо, добровольно уплатившее образовавшуюся задолженность по уплате таможенных пошлин, таможенных сборов, налогов, специальных, антидемпинговых, компенсационных пошлин, а также пеней и процентов в случае их начисления, сумму штрафов, установленных законодательством Республики Казахстан, освобождается от уголовной ответственности по части первой настоящей статьи, если в его действиях не содержится состав иного преступления» [2].

Третий по популярности вид налогового уголовного правонарушения - Уклонение гражданина от уплаты налога и (или) других обязательных платежей в бюджет. 3% из общего числа налоговых уголовных преступлений. Данный вид правонарушения регламентируется 244 Статьей Уголовного Кодекса Республики Казахстан.

В статье 244 Уголовного Кодекса Республики Казахстан указано следующее:

«Уклонение гражданина от уплаты налога и (или) других обязательных платежей в бюджет, совершенное путем непредставления декларации о доходах в случаях, когда подача декларации является обязательной, либо путем включения в декларацию или иные документы, связанные с исчислением или уплатой налогов и (или) других обязательных платежей в бюджет, заведомо искаженных данных о доходах или расходах либо об имуществе, подлежащем налогообложению, с использованием счета-фактуры без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров, если это деяние повлекло неуплату налога и (или) других обязательных платежей в бюджет в крупном размере, –

наказывается штрафом в размере до трех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до восьмисот часов, либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Примечание. Лицо, совершившее деяние, предусмотренное настоящей статьей, освобождается от уголовной ответственности в случае добровольной уплаты задолженности по налогам и (или) другим обязательным платежам в бюджет, а также пени, установленных законодательством Республики Казахстан» [2].

Причины совершения налоговых уголовных правонарушений выступают следующие:

- недостаточный общий уровень правовой и экономической грамотности, то есть присутствие правового нигилизма;
- намеренное стремление от уплаты налога и (или) других обязательных платежей;
- самонадеянность и небрежное отношение;
- ненадлежащая постановка ведения бухгалтерского и налогового учета, неправильное применение норм налогового законодательства.

Последствия совершения налоговых уголовных правонарушений влекут за собой наступления субъекта совершения данного вида преступления уголовную ответственность. Субъектом преступления в данном случае будут являться представители юридических лиц (организаций).

На сегодняшний день Налоговый Кодекс Республики Казахстан подвергается ежегодным изменениям, поправкам, в связи с чем и увеличивается коэффициент недостаточного общего уровня экономической грамотности тех лиц, которые обязаны на общих основаниях согласно статье 35 Конституции Республики Казахстан соблюдать все налоговые режимы страны. Таким образом, многие субъекты налоговых уголовных правонарушений придерживаются правового нигилизма. Однако ни одним нормативно-правовым актом для устранения правового нигилизма не закреплена необходимость прохождения повышения квалификации по темам применения налогового законодательства или соблюдение налогового режима на территории Республике Казахстан на ежегодной основе сотрудников юридических лиц, занимающихся непосредственно налоговыми платежами в бюджет государства с последующей сдачей государственного теста на знание налогового законодательства [3].

Кроме того, правоохранительными органами страны на постоянной основе проводятся круглые столы на темы правового нигилизма. Так в академии МВД по поручению Министра внутренних дел РК Е. Тургумбаева был проведен круглый стол на тему: “Правовой нигилизм: незнание не освобождает от ответственности”, в котором приняли участие депутаты Мажилиса и маслихата Алматы, представители общественного совета акимата города, руководство следственного департамента МВД, департамента УИС, департамента полиции, судьи, ветераны ОВД, а также видные общественные деятели и ученые [4].

Однако, можно проследить, что правосознание граждан и всех резидентов страны не имеет тенденцию стремления к правопорядку даже после очередных обсуждений. В этой связи анализируя всю ситуацию с проблемами правовой, экономической грамотности населения, всех тех, кто может выступать в качестве субъекта налогового правонарушения, а также учитывая частые изменения вносимые в Налоговое законодательство, возникает необходимость установление определенных квалификационных требования к лицам, в особенности сотрудникам организаций, которые в связи с ведением определенной деятельности в Казахстане обязаны платить налоги и (или) других обязательных платежей. Таким образом, можно будет снизить уровень правовой и экономической неграмотности населения, а также число совершаемых налоговых уголовных правонарушений. В случае возникновения налоговых уголовных правонарушений из-за незнания применения норм при наличии сертификата о прохождении курсов повышения квалификации по темам соблюдения налогового режима или правоприменения Налогового Кодекса на каждый год деятельности, будут уже приниматься меры в отношении тех организаций, которые непосредственно представляли услуги по курсам повышения квалификации и также будут рассмотрены результаты государственных тестов на знание Налогового Законодательства, которые действующие сотрудники-бухгалтера сдавали после прохождения курсов повышения квалификации на знание Налогового Законодательства РК.

Суммируя все изложенное, возникает необходимость контролировать правовое и экономическое сознание всех субъектов, обязанных платить налоги и (или) иные платежи в бюджет государства с целью предотвращения совершения налоговых уголовных правонарушений.

*Список использованной литературы*

- 1. Статистические данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан // <https://gamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat> (дата обращения 10.01.2022 г.)*
- 2. Уголовный кодекс Республики Казахстан – Закон Республики Казахстан от 03. 07. 2014 г. № 226-V // [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575252](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252) (дата обращения: 25.01.2022 г.)*
- 3. Управление государственных доходов по Алматинскому району г. Нур-Султан. Анализ налоговых правонарушений причины и последствия// <http://ank.kz/post/analiz-nalogovyx-pravonarushenij-prichiny-i-posledstviya-270720211> (дата обращения: 12.02.2022 г.)*
- 4. В Алматинской Юридической Академии МВД РК обсудили правовой нигилизм: вчера, 19:30 - новости на [Tengrinews.kz](http://Tengrinews.kz) (дата обращения: 12.02.2022 г.)*

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС  
УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС  
CRIMINAL PROCEEDING**

МРНТИ: 10.79.01.

УДК: 343.1

А.Ә. Ахметов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., аға оқытушы Э.П. Кенжибекова

**ЖАУАПТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ:  
ПРОЦЕСУАЛДЫҚ ЖӘНЕ ТАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Жауап алу Қазақстан Республикасы қылмыстық процесуалдық заңнамасы бойынша, тәжірибеде жиі жүргізілетін тергеу әрекеттерінің бірі екендігі баршамазға белгілі. Жалпы автор, өз мақаласында жауап алуды міндетті, қажетті және пайдалы тергеу әрекеті ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, біз осы мақаланың негізінде жауап алу мақсатының толық және болған жай туралы шындықты көрсететін мәліметтерді алуға бағытталатындығын да назардан тыс қалған жоқ. Аталған мәліметтер айғақтардың қайнар көзі, ал соның ішіндегі нақты мағлұматтар, қылмыстың дәлелдері болып табылады. Ал күдікті мен айыпкер үшін өздерінің көрсетулері, тағылған кінәдан немесе өздеріне қарсы қойылған күдіктен қорғану құралы болып табылады.

**Түйін сөздер:** тергеу әрекеті, жауап алу, хаттама, тәжірибе, процесуалдық аспектілер, тактикалық аспектілер, күдікті, айыпталушы, жауап алу хаттамасы, қашықтықтан жауап алу, дәлелдемелер, фактілі деректер.

*Ахметов А.А.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский Национальный педагогический университет им. Абая  
Научный руководитель: к.ю.н., ст. преподаватель Кенжибекова Э.П.*

**ЭТАП ФОРМИРОВАНИЯ ПОКАЗАНИЙ:  
ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ И ТАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ**

*Аннотация*

Общеизвестно, что допрос является одним из наиболее частых следственных действий на практике по уголовно-процессуальному законодательству Республики Казахстан. В целом автор рассматривает допрос в своей статье как обязательное, необходимое и полезное следственное действие.

В то же время в данной статье определяется цель данного следственного действия. Целью является – получение полной и правдивой информации о ситуации. Эти данные являются источником доказательств, в том числе фактических сведений, доказательств преступления. Для подозреваемого и обвиняемого их показания являются средством защиты от обвинения или подозрения против них.

**Ключевые слова:** следственное действие, допрос, протокол, практика, процессуальные аспекты, тактические аспекты, подозреваемый, обвиняемый, протокол допроса, дистанционный допрос, доказательства, фактические данные.

A.A. Akhmetov<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University

Scientific adviser: Candidate of Law, Senior Lecturer E.P. Kenzhibekova

## STAGE OF FORMATION OF INDICATIONS: PROCEDURAL AND TACTICAL ASPECTS

### Abstract

It is well known that interrogation is one of the most frequent investigative actions in practice under the criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan. In general, the author considers interrogation in his article as a mandatory, necessary and useful investigative action.

At the same time, this article defines the purpose of this investigative action. The goal is to obtain complete and truthful information about the situation. These data are a source of evidence, including factual information, evidence of a crime. For the suspect and the accused, their testimony is a means of defense against accusation or suspicion against them.

**Key words:** investigative action, interrogation, protocol, practice, procedural aspects, tactical aspects, suspect, accused, interrogation protocol, remote interrogation, evidence, factual data.

**Кіріспе.** Бүгінгі күні қоғамда белең алған адам мен азаматтың өміріне, денсаулығына, қоғамдық қауіпсіздігіне қарсы жасалатын ауыр, аса ауыр жалпы құқық бұзушылық сипатындағы қылмыстардың күнделікті тіркелуі қоғам мен азаматтардың мәдени, рухани және өз алдына жеке бостандығы мен беделін қалыптастыруда қауыртқа ұшырап бара жатқан адами өзара қарым-қатынастардың тоқырауы орын алып отыр.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар фактісін анықтау, оған тергеу, зерделеу жұмыстарын ұйымдастыратын және осы іс жүргізушіліктерді өз міндеттілігіне қарай орындайтын мемлекеттік, яғни қылмыстық ізге түсу немесе қудалау органдары – прокуратура, тергеу мен анықтама органдары, тергеуші мен анықтаушылардың қылмыстық процестегі функционалдық қызметтері мен міндеттері, олардың тергеулігі қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 12-бабына сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Сонымен қатар, адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады және де адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс деп айқын көрсетілген [1, 46 б.].

Жауап берушілердің көрсетулерінің объективтілігі мен толықтығы, осы көрсетулердің қалыптасу жолына байланысты. Көрсетулердің қалыптасуының психологиялық жолын білу, әртүрлі тергеу әрекеттерін нәтижелі жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан көрсетулердің қалыптасу жолын криминалист ғалымдардың үздіксіз зерттеуі бекер емес деуге болады [2].

Профессор Р.С. Белкин былай деп жазған: «...жауап берушіге мәлімет, заттарды немесе басқа да құбылыстарды қабылдау кезінде түседі, содан ол оның есінде сақталады да, кейін жауап алу кезінде есіне түсіріп, оны тергеушіге жеткізеді» [3, 199 б.].

Жауап алушы – тергеуші әр куәден, жәбірленушіден қандай көлемде және қандай мәлімет алуға болатынын білу үшін, жауаптың куәнің, жәбірленушінің ойында қалыптасу ерекшеліктерін есепке алуы керек.

Жауаптың қалыптасу процесі бірнеше кезеңнен құралады. Бірінші кезең – оқиғаны, не істің басқа бір мән-жайын қабылдау (көру, есту), екінші – осы қабылдап алған мәліметті ойда сақтау, үшінші – осы мәліметтерді есіне түсіріп, тергеушіге айтып жеткізу қабілеті.

Болған оқиғаны қабылдап алу, оқиғаға қатысты мәліметтердің толық қабылдануы белгілі бір себептерге байланысты. Бұл себептер объективті және субъективті болып екі топқа бөлінеді. Объективті себептер - көруге, естуге бөгет болатын жағдайлар, субъективті - есту, көру мүшелерінің қабілеті. Қабылдауға объективті түрде бөгет болатын себептер оқиғаны шұғыл,

тығылтаян уақытта қабылдау, жарықтың көріну жағдайының нашар болуы, қатты шудан нашар естілу, болып жатқан оқиғаны алыстан көру, ауа-райының жаман болуы, қар не жауын жауып тұрғанда оқиғаны қабылдау, осының бәрі оқиғаны толық және анық көріп, естіп қабылдауына бөгет жасайды, оқиға жөніндегі ақпараттың толықтығына, сапасына кері әсер етеді. Сондықтан жауап алғанда тергеуші осы себептерді ескеруі шарт.

Мысалы азамат К. жұмыстан шығып үйге келе жатқанда, арт жағынан белгісіз біреу басынан қатты затпен ұрып есінен тандырып кетеді. Қылмыскер оны тоғнамаған және тонауға да ниеті жоқ екенін көрсеткен. Жәбірленуші есін жиған кезде, ол үйге қарай тез жүгіріп бара жатқан адамды көріп қалады. Ол оны өзінің көршісі И. екенін таныйды да, оны дауыстап шақырады. Бірақ көршісі қайрылмай үйге кіріп кетеді. Содан күдік И-ға түседі, себебі аз күн бұрын екеуі ренжіскен. И. өзінің көрсетуінде болған оқиғаға қатысы жоқ екенін айтады және сол күні кешкісін ешкіммен кездеспегенін, ешкімді көрмегенін, оны ешкім айқайлап шақырмағанын айтып, қойылған кінәні мойнына алмайды.

Қылмыстық істі тексеру кезінде тергеуші сол күні кешке қарай қатты нөсер болып, найзағай ойнап, күннің күркірегенін анықтайды, соған байланысты қараңғылық тез түскені белгілі болады.

Әрі қарай жүргізілген тергеу сараптамасы мен басқа да алынған мәліметтер арқылы мынадай жағдай белгілі болады, шын мәнінде қараңғы тез түсуіне байланысты И-дің ешкімді көрмегені және күн күркіреп қатты нөсер болып тұрғандықтан, өзін шақырған дауысты ести алмағандығы анықталады.

Субъективті жағдайларға келетін болсақ. Ол азаматтың сезім мүшелерінің дұрыс не бұрыс қызметіне байланысты болады, осыған байланысты ол заттарды немесе құбылыстарды толық және нақты қабылдайды немесе керісінше. Бір сезім мүшесінің жетіспеушілігі немесе кемтарлығы мәліметтің бұрмаланып айтылуына әкеп соғады. Осындай ақаулықтардың бар екендігін жауап берушілер көп жағдайда тергеушіге айтпайды, сол себептен кейбір маңызды деректер дер кезінде дұрыс анықталмайды. Осының бәрі тергеу ісінің теріс жолға түсіп кеті қаупін туғызады.

Қабылдауға субъективті түрде әсер ететін себептермен, яғни жауап беріп отырған адамның қабылдау мүшелерінің кемістігімен, есту, көру мүшелерінің қабылдау қабілетінің төмендігімен бірге, оқиғаны толық және анық қабылдауға жауап беруші адамның мамандығы, жасы, интеллектуалдық қабілеті, ол оқиғаға зер салып, көңіл аударып, бақылай алды ма, жоқ па, міне, осының бәрі әсер етеді. Айталық, жол-көлік оқиғасын екі куә бір кезде, бірдей жағдайда көрді дейік. Куәлердің біреуі - айталық қарт адам, екіншісі - автокөлік жүргізушісі. Екеуі де оқиғаны бір жерден бірдей қашықтықтан көрді дейік. Мұндай жағдайда осы екі куәнің қайсысынан оқиға жөнінде толық мәлімет алуға болады? Әрине, оқиғаны бірдей жағдайда көргенмен толық мәліметті жүргізуші бере алады. Ол машинаның маркасын, түрін ғана айтып қоймай, қай машина жол жүргізу ережесін бұзғандығы жөнінде де мәлімет бере алады. Байсалды, сабырлы адамның оқиғаны қабылдау қабілеті, аңғалақ, жеңілтек адамға қарағанда, әрине жоғары. Сабырлы, байсалды адамдар оқиғаның кейбір көзге көп іліне бермейтін маңызды сәттерін аңғарып қалуы мүмкін, ал аңғалақ адамдардан мұны күту қиын. Сондай-ақ, әсіресе, жасы толмаған, куә есебінде жауап алынатын балалар, көрген оқиғаға қиялындағысын қосып, өсіре айтуы, сөйтіп жалған мәліметтер беруі мүмкін. Сондықтан тергеуші жас балалардан жауап алғанда олардың осындай психологиялық ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

**Негізгі бөлім.** Жауаптың толықтығына, шындығына, сонымен қатар куәнің, жәбірленушінің болған оқиғаны ұмытпай, ойында сақтау қабілеті де әсер етеді. Ал, ондай қабілет әр адамда әр түрлі - кейбіреулер белгілі бір қимыл-әрекетті есте жақсы сақтайды, екінші біреу - көрген жерін ұмытпайды, сондай-ақ естігенін есте жақсы сақтайтын, керісінше, өте ұмытшақ адамдар бар. Тергеуші жауап алғанда осының бәрін ескеріп, қажеттілік туса ұмытылған жәйттерді еске түсіру үшін қолайлы жағдай жасауға әрекет етуі керек.

Болған оқиғаны есіне түсіріп, жауабын толық айтып жеткізу қабілеті де әр адамда әр түрлі. Жауап алғанда бұл да мұқият ескерілуі тиіс. Жауап куәнің, не жәбірленушінің болған оқиғаның

мән-жайын еркін баяндауынан басталады. Куә, не жәбірленуші, өзінің өтініші бойынша, жауап бергеннен кейін, жауабын өз қолымен жазуына құқығы бар. Тергеуші толық жауапты естігеннен кейін, жауап беруші адамға қосымша сұрақтар қойып, істің кейбір мән-жайын нақтылайды.

Қосымша сұрақ бергенде тергеуші заңда көрсетілген тәртіпті ескеруі керек: қойылған сұрақтардың анық және түсінікті болуы, куәні, не жәбірленушіні шатастырмауы тиіс; жетектеуші сұрақтарды қоюға болмайды; берілген сұрақтар куәні, не жәбірленушіні кемітіп, қорлауға, қорқытуға бағытталмауы керек.

Жауап алғанда осы тергеу әрекетін жүргізуге қолайлы, тиімді жағдай жасалуы тиіс. Егер куә асып-сасып, ренжіп, қобалжып отырса, оның көңілін жуатып, жайландырып, содан кейін ғана жауап алуға кірісу керек. Әрине, жауап алғанда куәнің, не жәбірленушінің мінез-құлқын, мінезінің психологиялық ерекшеліктерін (мақтаншақ, қызба, сабырлы) ескерудің маңызы айрықша. Себебі мұның бәрі тергеушінің жауап үстінде дұрыс тактикалық бағыт ұстауына негіз бола алады.

Қабылдауға әсер ететін жәйттердің тағы бірі, өткендегі оқиғаға қаншалықты көңіл бөліп бақылағанға да байланысты және сол кезде адамның көңіл-күйінің қандай жағдайда болғаны да әсер етеді. Осылар баолған жайларды дұрыс қабылдап, ойда сақтап қалуға қолайлы жағдай туғызады.

Тергеу кезінде белгілі бір қиындық туғызатын жағдай, куә мен жәбірленушінің уақыт аралығын дұрыс қабылдауына да байланысты. Адамның көңілін өзіне тартып, көңілін көтеретін қызықты жәйттар, тез арада жылдам өткен сияқты болып көрінеді де, ал бір қалыпты және жалықтыратын уақиғалар өте ұзаққа созылған сияқты болып көрінеді. Осыған байланысты өте қысқа уақыт аралығы асыра айтылады да, ал өте ұзаққа созылған уақыт аралығы керісінше кемітіліп айтылады.

Уақиғалардың толық қабылдануы, оны қаншалықты зер салып бақылағанға байланысты. Егер болып жатқан уақиғаны көпке дейін бақылаған болса, одан көрсетілген деректер соншалықты дәл, толық және сенімді болады, ал бақылау мерзімі қаншалықты қысқа болса, ол соншалықты бұрмаланған, жеткіліксіз және сенімсіз болады. Себебі қысқа мерзім ішінде адам заттарды, құбылыстарды мұқият бақылау үшін, сезімдік жүйелерінің мүшелерін бір бағытта шоғырландыра алмайды. Бұл жағдайда рецепторлар тек ерекше көрінген жәйттерді ғана қабылдайды. Сол себептен тез өтетін уақиғаны, мысалы адамды басып кету, көліктердің қақтығысуы, қолдан жұлып арқылы адамды тонау, төбелес кезінде адамға жарақат салу сияқты оқиғалар қанша уақытқа созылғанына баға берген кезде, тергеуші бұл жәйттердің көп жерлері куәлардың бақылауынан тыс қалып қоятынын ескеруі керек, себебі олардың көрсетулерінде ақтаңдақ жерлері мен бұрмаланған жақтары жиі кездесіп қалады.

Е.Г. Жәкішевтің байқауынша, болған уақиғалар жайында жауап алған кезде, белгілі бір жердің немесе заттың кеңістікте қалай орналасқаны жайында сұраған кезде, жауап берушілердің көрсетулерінің толдық еместігі байқалды, көптеген қате баға беру көрініс алады, кеңістіктің арақатынасы бұрмаланады [4, 98 б.].

Қашықтықтарды қабылдау да әр түрлі болатынын айта кеткен жөн. Негізінде бір километрге дейінгі қашықтық көбінесе дұрыс қабылданады және дұрыс бағаланады, ал үлкен қашықтықтағы уақиғалардың көрсетулері адам есінде дәл сақталынып, дұрыс бағаланды деп есептелінбейді.

Қабылдау қабілеттілігінің субъективтік себебі ретінде қаралатын адамның сезім мүшелеріне келетін болсақ, бейімделу мен сезінушілікті ескере отырып қарастыру қажет.

Бейімдеу құбылысы – ол адамға белгілі бір уақытқа дейін әсер еткен қоздыруыштарға бой үйрену болып табылады. Бейімдеу кейбір жағдайларда сезім мүшесін қоздырады, ал кейбір жағдайларда керісінше төмендетеді. Мысалы: адам қараңғыдан жарыққа шыққан кезде, алғашқы кезде ештемені көре алмайды, содан соң бірте-бірте бейімделу арқылы айналадағы заттарды аңғарып көре бастайды. Екінші жағынан адам көп уақыт бір иістің әсерінде болса, ол біраз уақыттан кейін бұл бөтен иісті сезбейтін болатыны бізге мәлім. Сол себептен тергеуші жауап берушілерден жауап алу кезінде олардың бейімделу қабілеттілігін тексеруі тиіс. Бейімделу қабілеттілігі қоздырушы құбылыстың кенет өзгеруін бақылаған кезде анықталады.

Қабылдау қабілеттілігі көп жағдайларда болып жатқан жайға қалай назар аударылғанға байланысты. Ол ерікті және еріксіз назар аудару болуы мүмкін. Еріксіз назар аудару-өзінің алдына әдейілеп бір жәйттерге назар аударуды мақсат тұтпайды. Мұндай назар аудару көп жағдайда аяқ астынан, бірден пайда болған қоздырғыштарға байланысты болады.

Ерікті түрде назар аудару – адам өзінің психикасын, күш-жігерін болып жатқан уақиғаны мұқият бақылап, қабылдауға бағыттайды, ол басқа жәйттерге көңіл аудармайды.

Жауап берушілердің көрсетулерінің сапасына, олардың білімі мен жалпы өз құқығын білу сауаттылығына әсер ететінін атап айту керек. Криминалдық жағдайды ұғып және дұрыс баға берген куә мен жәбірленуші оны нақты және жеткілікті қабылдап, есінде сақтайды.

Адамның қабылдау қабілеттілігі көбінесе оның мінез- құлқының қасиетімен байланысты, физиологияда бұл төрт түрге бөлінеді:

Холерик – іс- әрекеті аңғал, тез ашуланшақ, іске толық берілуі және одан айнауы да тез, тік мінезді.

Меланхолик – жүйке-жүйесінің тежегіш жағы басым. Ол ештемеге сенбейді, ештемеден үміттенбейді, барлығынан көретіні мен күтетіні так жамандық пен қауіп-қатер.

Сангвинник – еңбегінің жемістілігімен, белсенділігімен, адаммен тез сіңімділігімен, жақындығымен, қамқорлығымен, жатырқамаушылығымен басқалардан дараланады.

Флегматик – ұстамды, тұрақта, шыдамды, салғырт, мүмкіндігінше көпшіл, назарын баяу, айналадағы болып жатқан өзгерістерге әрең бейімделенеді, әрқашан байсалды.

Жауап берушілердің мәлімет беруінің қалыптасуының негізі сол мән- жайларды ойда сақтап қалу. Бұл жерде ең шешуші орын алатын есіне сақтау қабілеттілігі.

Қабылдау, сезу процестері есте сақтаумен тығыз байланысты болады. Есте сақтау немесе жады дегеніміз - адам өмірінің ақпараттық қоры, басқаша айтқанда, өткен шактың психикалық көрінісі.

Мәселен, бақылау әдісі – дегеніміз таным теориясына сәйкес белгілі бір затты, құбылысты зерттеу мақсатына бағытталған жоспарлы қабылдауды айтамыз. Басқаша айтқанда, бақылау белгілі бір затты, құбылысты қабылдау барысында сезімдік және рационалды танымды өз құрамына енгізеді. Бақылау әдісінің объектісі дәлелдеу пәнімен байланысы бар кез келген материалдық дүниенің заттары, құбылыстары болып табылады. Сондықтан, бақылау әдісі криминалистикада кең мағынада қолданылады және криминалистикада бақылау белгілі бір фактілерді анықтауға бағытталады.

Жоғардағы жағдайлар бақылаудың таным әдісі ретіндегі маңызын ашып тұр, бірақ аталған әдістің рөлі тек таным әдісі ретінде ғана танылмайды, сол сияқты, басқа әдістердің жиынтығы ретіндегі нысан болуында жатыр. Мәселен, бақылау жауап алу, тінту, тергеу экспериментінің, сараптаманың, оқиға болған жерді қараудың теориялық негізін құрайды. Осыған байланысты, бақылау арқылы тек зерттелетін объектінің сыртқы белгілері ғана танылмайды, сол сияқты, аталған белгілер негізінде тергеушімен қандай да бір тұжырым жасалады және мұндай тұжырым белгілі бір тергеу болжауларын туғызуға себеп болады.

Адамның еске алған мәліметтерінің барлығы есте қалмайды. Ал ол есте қалса да ол әр түрлі сақталуы мүмкін. Мәселен, кейбір заттар мен құбылыстар есте ұзақ уақытқа дейін сақталады, ал кейбіреулері қысқа мерзімде сақталуы ықтимал.

Психологиялық оқулықтарды айтарлықтай еске алудың ерекшелігі көптеген жағдайларға байланысты екендігі мәлім. Оның ішінде, кәсіби есте сақтау, яғни, адамның кәсібіне қатысты құбылыстарды, фактілерді есте сақтау тергеу экспериментінде де кеңінен таралған. Сонымен қатар, бейнелік материалдарды бір топ адамдар есіне жақсы сақтайды. Оларға: мысалы суретші, архитектор т.с.с жатқызуға болады. Екінші топ адамдар, оның ішінде ақындар, философтар, математиктер санды, сөзді, ойды жақсы есінде сақтайтындығы мәлім. Психологтардың пікірінше, жасөспірімдер естіген нәрсесіне қарағанда көрген заттарды есінде сақтайды. Үшінші топ адамдар есіне сақтау кезінде жоғарыда көзделген адамдармен салыстырғанда ешқандай ерекшеліктері байқалмайды. Сол сияқты, еске сақтау жасқа да байланысты болады. Мысалы психологтардың осыған қатысты эксперимент жүргізді, оның нәтижесі келесіні көрсетті: 20-25 жастағы



адамдар көрген, естіген заттарды есінде жақсы сақтады, ал 40-45 жас шамасындағы адамдардың есте сақтау қабілеттілігі алдыңғылармен салыстырғанда төменірек болды, 45 жастан асқандар оқиғаны бірден есіне түсіре алмады, яғни, олар көргенін, естігенін тез ұмытуға құмар екендігін экспериментте дәлелденді.

Бір топ криминалистер былай дейді: есте сақтау дегеніміз адамның өткен шағымен байланысты және тек адамзатқа тән құбылыс.

Көру, есту сезімдері арқылы қабылдаған ақпарат субъектінің есінде әр түрлі деңгейде сақталады және кейін қайта жаңғыртылады. Есте сақтау сенсорлық (жеделдік сақтау), қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді жүйеден тұрады.

Сенсорлық дегеніміз – қысқа мерзімді көз алдындағы бейнелер, ол артынан жоғалып, естен тез шығып кетеді.

Қысқа мерзімді дегеніміз – сенсорлық ақпараттың қысқа мерзімді жүйеге түсіп өте қысқа уақыт (30 секунд) сақталуы.

Ұзақ мерзімді дегеніміз – ақпараттың жеткілікті, тұрақты есте сақталуы.

Осыған қатысты Васильев А.Н., Карнеева А.М. «ұзақ мерзімді қоймада ақпарат жойылмайды, өйткені жойылу процесі тек сенсорлық және қысқа мерзімді жүйеде жойылады» - дейді [5, 51 б.].

Есте сақтау - еске түюден, оны сақтаудан, қайта жаңғыртудан және ұмытудан тұрады. Тергеушінің аталған заңдылықтарды жеткілікті білетін болса, ақпараттарды дұрыс тексеріп, тиімді бағалай алады.

Есте сақтау процесі еске түюден басталады. Ол әдейі есте сақтаудан және еріктен тыс есте қалудан тұрады. Әдейі есте сақталған ақпараттар көптеген авторлардың айтуынша, өте бағалы және құнды ақпарат болып табылады. Сондықтан, тергеу барысында ақпараттың әдейі немесе еріктен тыс сақталғанын анықтап алған дұрыс, өйткені еркінен тыс сақталған ақпараттарда кішігірім мән- жайлар ескерілмейді. Тергеу әрекетінде көбінесе куәлардың, жәбірленушінің, айыпталушының, сезіктінің белгілі бір оқиға қатысты мән жайлары естерінде қалады. Әрине, аталған тергеу әрекеті қылмысты тергеу барысында жүргізіледі, сондықтан ол әрқашанда теріс жағдайлармен байланысты болады. Ал психологтардың көзқарастарына жүгінсек адамдар дәл осындай қылмыстық немесе теріс жағдайларды жақсы естерінде сақтайды.

Васильевтің А.Н., пікірінше, еркінен тыс сақтау деген әсерлерді тікелей қабылдау емес, ол белгілі бір қызметтің жемісі [6, 111 б.].

Бұл пікірмен біз келісе алмаймыз. Өйткені еркінен тыс есте сақтау деген кездейсоқ әрекеттің нәтижесі, еркінен тыс затты немесе объектіні есте сақтаған кезде, субъекті оларды саналы түрде есте сақтамайды, мұндай жағдайда кездейсоқ немесе абайсызда сақтау орын алады.

Сондай-ақ, еске түюге адамның эмоциясы да әсер етеді. Мәселен, «егер эмоция бөтен себептерден пайда болса, ол еске түю процесіне теріс әсер етеді, ал эмоция еске түюге қатысы бар объектілермен байланысты болса, онда оның оң әсері болады» – деп әділ көрсеткен.

Есте сақтау процесі қабылдаудың сапасына байланысты. Яғни, жақсы қабылданған зат, есте жақсы сақталады. Қайта жаңғырту процесі еске алумен, танумен, есіне түсірумен, елестетумен тығыз байланысты.

Есте сақтаудың келесі түрлері де болады: логикалық, эмоционалдық, бейнелік. Эксперименталдық әрекеттер барысында біз логикалық, яғни, түсіндіру, бейнелік есте сақтаумен жиі ұшырасамыз. Сондай-ақ, қазақстандық ғалым А.Я. Гинзбург өз еңбегінде бейнелік есте сақтауды «реминисценция» (латын тілінен *geminiscor*) деп атаған, яғни, ұмытылған құбылысты белгілі бір уақыттан кейін қайта жаңғырту дегенді білдіреді [7, 96 б.].

Сол сияқты, есте сақтау адамның басқа психикалық процестері сияқты әр түрлі ауруларға шалдығады. Олардың кен таралғанына «өткен шақтың феномені» деген ауруды жатқызуға болады. Яғни, адам сол затты бір жерде көрген сияқты елестерді айтамыз. Сонымен қатар, еске сақтаудың «амнезия» (ұмыту) деген ауруын қарастырсақ, мұндай ауруға белгілі бір қатты дене жарақатын (травма) адамдар ұшырайды және олар өткен өмірін толық немесе жартылай ұмытады, бірақ кейін еске түсіру сияқты мүмкіндіктерін дәрігерлер жоққа шығармайды.

Көру, есту сезімдерімен алынған ақпараттар ойлау процесімен де тығыз байланысты. Ойлау – таным проблемаларын шешуге бағытталған, тұрақты қасиеттердің жинақы көрінісі, психикалық процесс. Ойлау арқылы ақпараттар өңделеді, ақпараттарды қайта түзеді және творчестволық бастама болып саналады. Әрине, ойлау процесі өмірдің басқа жақтарымен байланыстылығын көрсеткен.

Біз, егер қабылдау, сезу, есте сақтау, ойлауды біртұтас процесс деп санасак, онда оларға әсер ететін факторлар мен жағдайларды жүйелеу қажет. Біз қабылдауға әсері бар жағдайлар мен фактілерді былай жүйелеуді ұсынамыз: 1) биологиялық шарттар: жынысы, жасы, денсаулығы, көру және есту жүйесінің кемшіліктері (дефектілері); 2) әлеуметтік шарттар: кәсібі, мүдделері мен дағдылары, қоршаған ортасы; 3) психологиялық шарттар: темпераменті, ішкі және эмоционалдық жай-күйі;

Көптеген авторлар, М.Н. Порубов, И. Кертес, М.И. Еникеев белгілі бір фактіні мас күйде (есірткінің, ішімдіктің әсерінен) қабылдаудың проблемаларын қозғаған [8, 76 б.].

Біздің ойымызша, аталған заттардың әсерімен қабылдауды, қабылдаудың сапасына әсер ететін негативті шарттар деп атаған дұрыс. Аталған жағдайлар тергеу әрекетінде орын алады.

Мысалы, айыпталушының қылмыс оқиғасы кезінде мас күйінде болғанын ескерместен, тергеуші көлік оқиғаларына байланысты тергеу әрекеттерін жүргізе береді.

Жоғарыда аталған мысалды қорытындылай келе, мұндай тергеу экспериментін жүргізуге жол бермеу қажет, өйткені, мас күйіндегі адам кез келген сол уақытта көрген, естіген, сезген фактіні дұрыс және толық қабылдай алмайды.

Сол сияқты, профессор Д.К. Канафиннің ойынша жауап беру кезінде психологиялық жағдайлар да ескерілуі керек. Жауаптары тексерілетін адамдардың фактіні қабылдау кезіндегі эмоционалдық жай- күйін ескермейтін жағдайлар да көп орын алады [9, 109 б.].

Психикалық процестерді жауап алу шеңберінде қарастыра отырып, тергеушінің психология ғылымының қажетті негіздерін білуі, тергеу әрекетін жүргізу кезіндегі субъективті жағдайларды дұрыс және тиімді түрде ескеруге мүмкіндік береді деп ой қорытындылауға болады. Сондықтан, тергеу әрекетін жүргізуде субъективті факторларды модельдегенде, тергеуші психологияның негізгі ережелерін білуі керек. Олар оқиғаны, құбылысты қабылдаған тұлғаның дәл оқиға кезіндегі және тергеу әрекетін жүргізу кезіндегі психикалық жай- күйін дұрыс бағалауға септігін тигізеді.

Егер есте сақтаудың қажетті бөлігінің бірі мән-жайларды ойында сақтау және ойына түю.

Ойда сақтау қабылдау сияқты өз еркімен және еріксіз болып екіге бөлінеді. Өз еркімен ойына сақтау қабылданған жайларды әдейі есте сақтауға бағытталады. Өз еркімен ойына сақтаудың мақсаты болған жайларды түсінуге тырысу, содан кейін оның ішінен ең негізгісін және мәні бар дәлелдерін бөліп алу. Өз еркімен ойына түю, бір нәрсеге ерікті түрде көңіл аударуға тырысу арқылы іске асырылады.

Л.К. Енаеваның пікірінше жауап берушілердің мәліметтерінің қалыптасуының ең қолайлысын алатын болсақ, ол әрине өз еркімен ойына түю арқылы болған жайларды толық және нақты ойда сақтап қалған екендігін мойындау керек деп атап көрсетеді [10, 218 б.].

Еріксіз ойда сақтауды белгілі бір мақсатпен тырысу арқылы сипатталады. Еріксіз ойда сақтау тергеушіге нанымды және толық мәліметтер беретіндігіне күмән туғызады, бірақ ол барлық жағдайда осылай болады деу қателескендік болады. Сондықтан кейбір жағдайларда еріксіз ойда сақтау, тергеу кезінде шындықты анықтауға қажетті мәліметтерді мүмкіндігінше жоғары дәрежеде сақтап қалуды толық қамтамасыз ете алады.

**Қорытынды.** Есте сақтаудың келесі бөлімі мәліметтерді жадында сақтау, яғни есте сақтаудың азды-көптің ұзақтығы.

Жадында сақтаудың ұзақтығы әртүрлі жағдайларға байланысты. Ол көбінесе есте сақтаудың сапасына байланысты, оны былайша ұғуға болады, оқиға жайларын тез сіңіру қабілеттілігі арқылы, тұрақты түрде жадында сақтау және қабылдағандарды тез арада өз қалпында жеткізу ол өте қажетті қасиеттердің бірі болып табылады деп өз еңбегінде профессор С.К. Журсимбаев атап көрсетеді [11, 187 б.].

Мәліметтерді жадында сақтау куә мен жәбірленушінің жеке басының және жас ерекшеліктеріне байланысты. Ол, белгілі бір нәрсенің жайын еске сақтап, түрін пайымдау, бейнелік, қимыл әрекеттік немесе ерікті түрде жадында сақтау қабілеттілігіне, көру, дыбысы, цифр арқылы немесе басқа да заттар арқылы есінде сақтау артықшылығымен ерекшелігіне байланысты, бұл көбінесе көңіл бөлу мен кәсіптік машықтануының салдары болады. Мәліметтердің сақталуына және есте сақтаудың тұрақтылығына мынадай объективті себеп - уақыт ықпал етеді. Уақыт өткен сайын болған жайлардың анықтығы бұлынғырлана береді, одан әрі қарай ұмытылады. Мәліметтердің сақталуына сонымен қатар мынадай субъективті себептер ықпалын тигізеді, ол жауап берушілердің жеке тұлғасы, жасы, ақыл-өрісі, мамандығы, көңіл аудару қабілеттілігі және т.с.с.

Г.Г. Досболов өз еңбектерінде туғаннан өзіндік ерекшелігі мен сезім жүйесінің анализаторларының есіне сақтау қызметіне қатысуының басымдылығына байланысты есте сақтау қабілеттілігі төртке бөлінеді: көңіл күйлік; сөздік пайымдаушылық; бейнелік; қимыл-әрекеттілік – есте сақтау деп көрсетеді [12, 47 б.].

Адам әртүрлі қозғалысты есте сақтап қалады. Есте сақтаудың бұл түрімен тұрмыстық, еңбектік, спорттық және басқа да қозғалыстар меңгеріледі. Көңіл-күйлік есте сақтау бастан кешірген қуанышты, қайғылы, қорыққанды, жәбірленушілікті есте сақтап қалады. Бейнелік сезімдік есте сақтау – көру, есту, дәмін сезіну арқылы бұрын қабылданған заттардың ерекшеліктеріне байланысты есінде сақтап қалады. Мұндай есте сақтау жұмысына сезім мүшелері басты қызмет атқарады.

Дені сау адамдарда есте сақтау қабілеттілігінің түрлерінің барлығы бар. Тек олардың өріс деңгейі әр адамда әртүрлі болады. Мысалы, биіде қозғалыстық есте сақтау деңгейі жақсы дамыған болса, артистерде көңіл-күйлік және сөздік қорлары жақсы дамыған.

Жоғарыда көрсеткендерге байланысты куә мен жәбірленушінің есте сақтау түрлерінің қайсысы жақсы дамыған болса, тергеуші мәліметтерді толық және сенімді түрде алуы үшін жауап алған кезде осы мәселені ескеруі керек.

Келесі мәселе қабылданып ойда сақталған жәйттерді жауап берген кезде нақтылау етіп жеткізу. Есіне алып қайтадан жеткізу адамның ой-өрісімен тығыз байланысты, ал ол сақтау мәселесінің соңғы кезеңі болып табылады.

Қайталап жеткізу – бұл адамның болған жай туралы есте сақтап қалғанын жазбаша немесе ауызша мазмұндап беру. Өзі көрген жәйт туралы куә немесе жәбірленуші мәліметтерді қайтадан жеткізу үшін, болған жәйтты ойына түсіру, ойына келтіру және тану арқылы жүзеге асырады. Сөйтіп олар қабылданған және есте қалған деректер мен жәйттерді есіне түсіру арқылы қайталап жеткізеді. Ойына түсіру көбінесе жауап берушінің еркін әңгімелесуімен жүзеге асырылады.

Еске түсіру – куәнің немесе жәбірленушінің бұрын байқаған немесе бастан кешірген жәйттер қайтадан қалыптастыру әрекеті болып табылады. Мұндай қалыптастыру ассоциалық байланыстық негізде жүзеге асырылады.

Ассоциацияның үш түрі бар. Оларды тергеуші куә мен жәбірленушілердің болған жәйттерді есіне түсіру үшін қолданады. Ассоциацияның түрлері: қосалқы; ұқсастық; қарама-қарсы.

**Қосалқы ассоциация** уақыт аралық және кеңістіктік болып келуі мүмкін. Уақыт аралығының мәні – болған жағдайды, оның алдында болып кеткен жәйларды еске түсіру арқылы қалпына келтіру болса, кеңістіктік ассоциацияның мәні-әлде бір заттың ұмыт болған қылмыс ісін қалпына келтіру болады. Мысалы, куә қылмыс болған жерде ағаш өсіп тұрғанын есіне түсіріп, қылмыскердің қандай қашықтықта тұрғанын есіне түсіреді.

**Ұқсастық ассоциация** – қылмыс ісінің кейбір ұмыт болған жерлерін, сол сияқты қылмыс жағдайын, қылмыстық заттар арқылы ойына түсіру. Қарама-қарсылық ассоциация қарама-қайшылықтарды келтіру арқылы есіне түсіру болып табылады. Мысалы, қылмыс жасаған адам егде деп болжам айтқан кезде, куәгер ассоциация арқылы қылмысты жас адамның жасағанын есіне түсіреді.

Осы аталғандардың бәрі жай қарапайым түрлерге жатады. Ал күрделі ассоциацияға мағыналық және себеп-салдарлық жатады. Біріншісінде, жауап беруші мәлімет беріп отырған кезде, ұмыт болған жерлерін мағынасына қарап есіне түсіреді.

Мәліметтерді қалпына келтірудегі куә мен жәбірленуші көрсетулерінің қалыптасуының соңғы кезеңі болып табылады.

Куә мен жәбірленуші өздерінің көрсетулеріндегі қабылданған жәйттерді қалпына келтіріп жеткізеді. Деректердің қабылдануы мен ойында сақталуы тек оның сапасына ғана емес, сонымен қатар жауап берушілердің психологиясына, біліктілігіне, мінез-құлқына, елестету қабілетіне, сеніміне, енді тағы бірі айналасындағы жағдай мен жауап алу тәсіліне байланысты.

Жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау.

Бұл бұрын жауап берген жәбірленуші, айыпталушы, куә, сезіктіден оқиған болған жерде, олардың бұрынғы берген жауабын тексеру мен нақтылау мақсатында қайтадан жауап алу үшін жасалатын тергеу әрекеті.

Бұл тергеу әрекеті төрт элементтен тұрады:

- тексерілген оқиғамен байланысты жерлердің белгілері жөнінде адамдардың ол жердегі іс-әрекеті жөнінде жауап алу;
- тергеушінің жауабын тексерілетін адамдармен бірге, тексерілетін оқиғамен байланысты жерге шығуы;
- жауабы тексерілген адамдардың жауаптарын растауы мүмкіндігін, тексерілген оқиғамен байланысты жерлердің жағдайын, іздерді, заттарды қарау;
- тексерілген жауапты оқиға болған жердің жағдайымен салыстыру.

Бұл тергеу әрекеті жауабы тексерілетін адамға, оның жауабы тексерілетін жердің бағыты мен орнын ерекше түрде көрсетуді ұсынудан басталады. Сондықтан бұл тергеу әрекеті жауабы тексерілетін жерден емес, тергеу жүргізіліп жатқан жерден басталады.

Жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың маңызы, ол тергеушінің бұрын жауап алынған куә, жәбірленуші, айыпталушыға қылмыс жасалған жерде, сонымен қатар сол жерде өзінің әрекеттерін, болған оқиғаның мән-жайын, көрген-білгенін көрсетумен және салыстыру үшін ұсынудан тұрады. Жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тергеу әрекеті, басқа да тергеу әрекеті сияқты дәлелдемелерді жинау құралы болып табылып, өзінің алдына қойған мақсатын орындауға мүмкіндік береді.

Бұл жерде, жауапты тексеру барысында, жауабы алынып отырған адамға ешкім ешнәрсе көрсетпейді, сырттан қандай да болсын араласу, жетекші сұрақтар қоюға жол берілмейді. Болға іс-әрекеттің жауабын, тексеріліп отырған адамның өзі көрсетіп, болған мән-жайды толық өзі айтып шығуы қажет. Жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың мәні:

- тергеуге қатысты басқа да қылмыстың ізі бар орындарды және тергеу жолдарын анықтау;
- ол жердегі заттай дәлелдемелерді іздестіру мен табу;
- қылмысқа қатысты әр түрлі адамдардың мінез-құлықтары мен әрекеттерін нақтылау;

Бұл жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тергеу әрекеті, жауабы тексерілетін жер тергеуге анық болған жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Жәбірленушінің бұл тергеу әрекетіне қатысуы, қылмыстық оқиғаға байланысты тексеру жүргізіліп жатқан кезде тергеудің жүзеге асырылу әрекетіне көптеген көмегін тишізеді. Мысалы: айыпталушы бөлме ішіндегі өзінің әрекеттерінен, бағалы заттарды қай жерден алғаны, қалай алғанын көрсетеді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (Өтініш берген күн: 22.02.2022 ж.)
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік кодексі. – Алматы: Юрист, 2018. – 348 б.
3. Белкин Р.С. Криминалистика. – М., 2006. – 594 с.
4. Жәкішев Е.Ф. Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темірболат Н.С. Криминалистика. – Алматы, 2006. – 132 б.
5. Васильев А.Н., Карнеева Л.М. Тактика допроса при расследовании преступлений. – М., 2000. – 189 с.
6. Васильев А.Н. Тактика отдельных следственных действий. – М., 2004. – 136 с.

7. Гинзбург А.Я. Процессуальные вопросы предварительного расследования на современном этапе. – Волгоград, 2008. – 217 с.

8. Порубов М.Н., Кертеc И., Еникеев М.И. Законность и обоснованность возбуждения уголовных дел органами внутренних дел. – М., 2008. – 137 с.

9. Канафин Д.К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве: Монография. – Алматы, 2005. – 168 с.

10. Енаева Л.К. Уголовный процесс: Учебное пособие. – 2-е изд. – М.: ФОРУМ: ИНФРА – М., 2007. – 418 с.

11. Журсимбаев С.К. Законность в досудебных стадиях уголовного судопроизводства. Монография. – Алматы: ИЦ «Интерлигал», 2007. – 238 с.

12. Досболов Г.Г. Психология свидетелей и потерпевших. – Алматы, 1995. – 141 с.

МРНТИ: 10.79.01.

УДК: 343.1

М.Е. Жексебаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., аға оқытушы Э.П. Кенжибекова

## БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ – КҮЗЕТПЕН ҰСТАУҒА ШАҒЫМ БЕРУДІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ТӘРТІБІ

Аңдатпа

Бұл мақалада автор Қазақстан Республикасының Конституциясының 16 және 17-баптарына сәйкес, әркімнің бостандық пен жеке басына қол сұғылмаушылығына құқығының бар және оның сақталуы мен соттың қаматасыз ететіндігі жөнінде айтылады.

Адамдардың бас бостандығы мен жеке басына ешкімнің тиіспеуі жөніндегі қылмыстық процестік шаралары, сондай-ақ осы құқықты заңсыз және негізсіз шектеулерден кепілдіктер және осы құқықты қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасындағы сот практикасы қызығушылық тудырады.

Қарастырылып отырған құқықтарға сәйкес (күдікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә, т.б.) бостандықтары мен дене бітіміне ешкімнің тиіспеуі тек қылмыстық процессуалдық заңнамада көзделген тәртіптермен сондай-ақ, тек сол заңнамада көрсетілген субъектілермен ғана шектеледі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің негізгі қағидаларының талаптарына қатысты тиісті нормалар зерттеледі.

**Түйін сөздер:** жеке тұлға, ешкімнің тиіспеуі, қолсұғылмаушылық, бас бостандық, сот функциясы, санкция, қылмыстық қудалау, тергеу судьясы, соттық бақылау, қадағалау функциясы.

М.Е. Жексебаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский Национальный педагогический университет им. Абая  
Научный руководитель: к.ю.н., ст.преподаватель Кенжибекова Э.П.

## АРЕСТ КАК МЕРА ПРЕСЕЧЕНИЯ И ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ ПОРЯДОК ОБЖАЛОВАНИЯ

Аннотация

В данной статье автор рассматривает, что в соответствии со статьями 16 и 17 Конституции Республики Казахстан каждый имеет право на свободу и личную неприкосновенность, ее соблюдение и безопасность судом. Представляют интерес уголовно-процессуальные меры по обеспечению свободы и неприкосновенности личности, а также гарантии от незаконных и необоснованных ограничений этого права и судебной практики в Республике Казахстан направленные на обеспечение этого права.

В соответствии с рассматриваемыми правами (подозреваемый, обвиняемый, потерпевший, свидетель и т.д.). Свободы и неприкосновенность личности ограничиваются только процедурами предусмотренными уголовно-процессуальным законодательством, а также указанными в нем субъектами законодательство.

Кроме того, изучаются соответствующие положения, касающиеся требований основных положений Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** личность, неприкосновенность, неприкосновенность и свобода, с судебная функция, санкции, уголовное преследование, следственный судья, судебный контроль, надзорная функция.

*M.E. Zheksebaev<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University*

*Scientific adviser: Candidate of Law, Senior Lecturer E.P. Kenzhibekova*

## ARREST AS A PREVENTIVE MEASURE AND PROCEDURAL APPEAL PROCEDURE

### *Abstract*

In this article, the author considers that in accordance with Articles 16 and 17 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, everyone has the right to freedom and personal inviolability, its observance and safety by the court. Of interest are the criminal procedural measures to ensure the freedom and inviolability of the person, as well as guarantees against illegal and unjustified restrictions on this right and judicial practice in the Republic of Kazakhstan aimed at ensuring this right. In accordance with the rights in question (suspect, accused, victim, witness, etc.). Freedoms and inviolability of the person are limited only by the procedures provided for by the criminal procedural legislation, as well as the subjects of legislation specified in it.

In addition, the relevant provisions regarding the requirements of the main provisions of the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan are being studied.

**Keywords:** personality, inviolability, inviolability and freedom, with judicial function, sanctions, criminal prosecution, investigating judge, judicial control, supervisory function.

Кіріспе. Сот арқылы қорғану құқығы – кез-келген демократиялық мемлекеттегі жеке тұлғаның негізгі құқықтарының бірі. «Әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар», «тұлғаны күзетпен ұстауға тек заңда белгіленген жағдайларда және соттың немесе прокурордың мақұлдауымен ғана жол беріледі. Аталған ереже Қазақстан Республикасы Конституциясының 13, 16-баптарында, және Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексінің 147 бабында көрсетілген.

Осылайша, күдіктілер мен айыпталушылардың іс жүргізу мәртебесі негізінен Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында жарияланған идеяларға сәйкес келтіріледі және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға және жеке басына қол сұғылмаушылыққа нақты кепілдік беруге қадам жасалды.

Алайда, мәселе тергеушінің (анықтаушының) әрекеттері мен шешімдеріне сотқа шағымдануға қатысты болған кезде заңгерлер арасында бірыңғай пікірдің болмайтынын ескеру қажет. Кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша тергеушінің (анықтаушының) әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану құқығына процеске сол немесе басқа дәрежеде қатысатын, құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кез-келген азаматтар ие. Осыған сәйкес қарастырылып отырған заң субъектілерінің шеңбері сотқа дейінгі сатыларға тікелей қатысушылардың шеңберінен кеңірек, бірақ сонымен бірге ол белгілі бір шектеулермен шектеледі. Негізгі критерий – бұл процеске жеке қатысудың кез-келген, тіпті шамалы дәрежесі. Ең жалпы түрде бұл ұстанымды П.А. Лупинская тұжырымдайды, тек ҚПК-де көзделген тізіміне енгізілген процеске қатысушылар ретінде ғана емес, сонымен қатар, егер процесс барысында құқықтар мен мүдделер бұзылса процесстің өзге қатысушылары куәгерлер, сарапшылар, мамандар, адвокаттар, аудармашылар да

шағым жасау құқығына ие [1, 153-156 бб.]. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінің 147-бабы 1-бөліміне сай күзетпен ұстау шарасына шағымдану және оның мерзімін ұзарту құқығының субъектілері – бұл бұлтартпау шарасы таңдалған күдікті, оның заңды өкілі және қорғаушысы. Күдіктілердің (немесе олардың қорғаушыларының немесе заңды өкілдерінің) шағымдары соттың да қабылдауына жататындығын ерекше атап өткен жөн.

Көріп отырғаныңыздай, республиканың заңнамасында күзетпен ұстау немесе күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы сотқа шағымдана алатын адамдардың шеңбері нақты анықталған. «Басқа адамдардың берген шағымдары сот ісін жүргізуге қабылданбайды», - деп түсіндірді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Прокурордың қамауға алу, күдіктіні, айыпталушыны ұйқамаққа алу немесе мерзімін ұзарту туралы санкциясына сот шағымдары туралы» күзетпен ұстау, ұйқамаққа алу немесе олардың мерзімі атты нормативтік қаулысында» 2003 жылғы 20 наурыздағы [2].

Біз зерттеген тәжірибе көрсеткендей, судьялар кейде айыпталушылардың (күдіктілердің) туыстарынан және заңмен шағымдануға құқығы жоқ басқа адамдардан шағымдарды қабылдайды.

Мысалы, Ақтау қалалық соты Т.Ибраевтың айыпталған ұлы Е.Ибраевқа прокурордың санкциясына қарсы шағымын қарады. 145, б. «А» тармағы, «б» тармағы 2-бөлім. 120, б. «А», «в», «г» тармақтары 2-бөлім. 179 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (ҚК). Сот бұлтартпау шарасын Е.Ибраевқа кепілдікпен өзгертуден бас тартты. Іс материалдарынан көрініп тұрғандай, айыпталушы Е.Ибраев 1976 ж. Т. оған алдын-ала тергеу органдары тағайындаған қылмыстар, ол жасында жасаған. Демек, Ибраевтың әкесі берген шағым қаралуға жатпады және сот оны Өнердің 1-бөлігінің түсіндірмесімен өтініш берушіге қайтаруға мәжбүр болды. 110 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі.

Алынған мәліметтерді талдау көрсеткендей, бұл санаттағы материалдар саны аз және соттар қараған қылмыстық істер санының орта есеппен 0,64% құрайды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2020 жылғы 12 айдағы статистикалық мәліметтеріне сәйкес прокурорлар 32990 адамға қатысты алдын алу шарасы ретінде қамауға алу туралы санкциялар шығарды (2001 ж. - 39 552). 2002 жылы республика соттары күдіктілердің, айыпталушылардың, олардың қорғаушылары мен заңды өкілдерінің прокурордың қамауға алу түріндегі санкциясына қатысты 553 шағымын (2001 ж. - 656) қарады, оның 183 немесе 33,0% қанағаттандырылды (2001 ж. - 177) немесе 26,9%) [3, 55-58].

Көріп отырғаныңыздай, күзетпен ұстау санкциясына шағымданған адамдардың саны мардымсыз және тек 1,6% құрайды (2001 ж. - 1,6%). Жоғарыда келтірілген мәліметтер өздеріне қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалған адамдардың басым көпшілігімен онымен келісетіндігін немесе тергеушінің, анықтаушының іс-әрекеттеріне шағымдану мүмкіндігінің бар екендігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінің 68, 69-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға жеткілікті түсіндірілмеген. Жылы соңғы есептің пайдасына сот және талдау ұсынады күдікті түсіндіру және айыптау үшін тергеу практикасын - жүргізген күзетпен ұстау үшін прокурор санкциясына Алматы облыстық сотына шағымдануға құқылы екендігі көрсетіледі.

Алынған деректерді талдау көрсеткендей, бұл санаттағы материалдар саны аз және соттар қараған қылмыстық істер санының орта есеппен 0,64% құрайды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2002 жылғы 12 айдағы статистикалық мәліметтеріне сәйкес прокурорлар 32990 адамға қатысты алдын алу шарасы ретінде қамауға алу туралы санкциялар шығарды (2001 ж. - 39 552). 2002 жылы республика соттары күдіктілердің, айыпталушылардың, олардың қорғаушылары мен заңды өкілдерінің прокурордың қамауға алу түріндегі санкциясына қатысты 553 шағымын (2001 ж. - 656) қарады, оның 183 немесе 33,0% қанағаттандырылды (2001 ж. - 177) немесе 26,9%).

Соттар қараған материалдардың негізгі бөлігі кең таралған қылмыстар жасады деп айыпталған адамдардың шағымдарынан құралды: ұрлық (175-бап); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе жымқыру (176-бап); алаяқтық (177-бап); тонау (178-бап); тонау (179-бап);

бұзақылық (257-бап); есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, алу, сақтау, тасымалдау, беру немесе сату (259-бап); денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (103-бап); қызмет бабын асыра пайдалану (307-бап); билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану (308-бап); пара алу (311-бап) және басқалары.

Айыпталушыға айыптау жалпыланған кезеңдерде (2000 ж. және 2001 ж. 6 айы) ауыр емес қылмыстарда келесідей - 4,2% және 3,1%; орташа - 25,6% және 30,4%; ауыр - 62,4% және 56,2%; ерекше ауыр - 8,8% және 10,5%.

Сонымен, негізгі шағым – ауыр және орташа ауырлықтағы қылмыстар жасады деп күдіктелген немесе айыпталушыларды қамауға алу туралы прокурордың санкциясы.

Соттар 2000 жылы қараған шағымдардың ішінен шағымдар кәмілетке толмағандардың мүдделері үшін берілді - 25 (4,8%), 2001 жылдың бірінші жартысында - 8 (2,1%), әйелдер - 13 (2,5%) және 11 (2,9%), зейнеткерлер - 1 (0,1%) және 1 (0,2%), бұрын сотталған - сәйкесінше 4 (0,7%) және 3 (0,8%).

Қапшағай қалалық сотында қаралған 17 іс бойынша тергеушілер мен тергеушілер күдіктінің, айыпталушының прокурор санкциялаған қамауға алуға шағымдану құқығын, сондай-ақ күзетпен ұстау мерзімін сот үкіміне дейін ұзартуды түсіндірмегені анықталды. Шағым прокуратураның орналасқан жері бойынша қалалық (аудандық) сотқа жолданады.

Істерді зерделеу көрсеткендей күдіктілер, айыпталушылар өздерінің Конституциямен жарияланған құқықтары туралы прокурордың қамауға алу және мерзімін ұзарту туралы санкция-сына сот тәртібімен шағымдану туралы білмейді. Жоғарыда аталған жағдайларға байланысты «Мен олардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол бермеу үшін және құқық қорғау органдарына тақырып бойынша семинар өткізіп, бірыңғай құжат әзірлеп, прокуратура органдарына оған бір күдіктіні хабарлауды міндеттеуді ұсынар едім.

Осындай фактілер сот тәжірибесін қорытындылау кезінде және Батыс Қазақстан облысының соттарында табылды.

Ол бұл деректер, біз қайтадан сай емес екенін, сондай-ақ атап өткен жөн - кәмілетке толмағандар, әйелдер мен адамдарды ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын тағайындауда қылмыстық қудалау органдары қабылдайтын шешімдердің негізділігін туралы түзілуінде жаңадан үшін қылмыстық қудалау жатады қылмысты әрекеттің - шағын және орташа ауырлықтағы бердіңіз. Бұған дәлел, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күзетпен ұсталып отырған адамдардың осы санаттарына қатысты мәні бойынша үкіметтік істерді қарау кезінде соттар бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар қолданды.

Қылмыстық процессуалдық заңы шағымның құрылымына, белгілі бір процессуалдық нысанды сақтау міндеттемесіне ешқандай ресми талаптарды белгілемейді. Бұл күзетпен ұстау туралы өтінішке (ұзартуға) қатысты осындай шағым жасауға құқығы бар субъект берген ұйғарымға кез-келген шағым (нысанына қарамастан) аталған ұйғарымның заңдылығы мен негізділігі туралы сотта қарауға негіз туғызады. Бірақ бұл құжатты процеске қатысушылардың қарсыласуы мен теңдігі қағидатын іске асыру шеңберінде істі жедел және дұрыс шешу мүддесі үшін жасаған жағдайда, шағымның дәлелді болуы қажет. Шағымның мазмұнынан айыпталушының бұлтартпау шарасын қолдануды неліктен негізсіз және заңсыз деп санайтындығы және оның өз ұстанымын қалай ынталандыратыны түсінікті болуы керек.

Осы жұмыстың авторларының бірінің қатысуымен жүргізілген сот тәжірибесін жалпылау көрсеткендей, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстаудың заңсыз және негізсіз қолданылуына шағымдарды негізінен қорғаушылар (89,6%) тікелей сотқа жібереді (98,2%) немесе күдіктілердің өздері (4,8%) тергеу изоляторлары әкімшілігі (2,8%) және қамауда отырған кәмілетке толмағандардың заңды өкілдері арқылы шағымдар 4,2% беріледі.

Прокурордың қамауға алу санкциясына қарсы істердің 94,6%-ында шағымдар келіп түсті, негізінен ұстаудың бірінші айында - 91,1%. Күдіктілер берген шағымдардың тек 10,8%-ы күзетпен ұстау мерзімін ұзартуға байланысты болды. Ал шағымдырдың 1,2%-ы тікелей күзетпен ұсталғаннан кейін беріледі.



Шағым берудің негізгі себептері, олардың мазмұнына қарап: күзетпен ұсталған адамдардың денсаулықтарының қанағаттанарлықсыз жағдайы (20%); кінәсіздік, қылмыстық қудалау органдарының Қылмыстық процесілік кодексіні бұзуы (33%); ауыр отбасылық жағдай (қол жетімділігі - жетілмеген балаларға байланысты, олардың ата-аналары бар және т.с.с. (53%); жетілмеген - жас шамасы (4,7%) және басқа да себептермен, алайда шағымданушылардың көп бөлігі тиісті шағымға тіркелмеген растайтын құжаттар немесе дұрыс емес ақпарат.

Атап айтқанда, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2010 жылғы 7 желтоқсандағы прокурордың наразылық білдірген А.Ш. Жаппароваға қатысты бұлтартпау шарасын өзгерту туралы қаулысының 2-бөлігі бойынша. 325 бап 3-бөлім Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 325-тің күші келесі негіздер бойынша жойылды.

Аудандық сот прокурордың А.Ш. Жаппароваға қатысты санкция берген бұлтартпау шарасын өзгерту туралы шешімін айыпталушының оң сипаттамасымен, асырауындағы төрт баласы мен егде жастағы анасының қамқорлығына мұқтаж және өткір түрімен ауыратындығымен негіздеді. гипертониялық энцефалопатия.

Аудандық сот прокурордың А.Ш. Жаппароваға қатысты санкциясын қолданған бұлтартпау шарасын өзгерту туралы шешімін күдіктінің оң сипаттамасымен, асырауында төрт баласы мен егде жастағы анасының қамқорлығына мұқтаж және ауыр түрімен (гипертониялық энцефалопатия) ауыратындығымен негіздеді.

Сонымен қатар, сотқа А.Ш. Жаппарованың тұрақты тұратын жерінен берілген анықтамадан онымен бірге Алматыда полюстің болғаны анық көрінеді. Гагарин 159 «а» пәтер Тек күйеуі мен үш баласы тұрады, олардың бірі ересек адам. Қолда бар материалдарда айыпталушының анасы дәл оның асырауында екендігі туралы дәлел жоқ, ал Жаппарованың күйеуі А.Ш. (Жаппаров А.А.) мен оның толық жастағы ұлы (Ташкенбаев М.А.) да қабілетсіз жас балаларға күтім жасау мүмкіндігінен айырылған. Сонымен қатар, аудандық соттың шешімінде көрсетілген алдын алу шарасын өзгерту себептері қарама-қайшылықтарды қамтиды. Осылайша, оған Алматыда тұратын балалар мен аналарға қарау мүмкіндігін беру қажеттілігін көрсетіп, сот сонымен бірге айыпталушыны Астана қаласынан кетпеуге міндеттейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінің 147-бабы 1-бөлімінің қазіргі редакциясы прокурордың күзетпен ұстауға берілген санкциясына шағымдану құқығы тек қамауда отырған күдіктілер мен айыпталушылардың құқығы деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, оларға қатысты қамауға алуды қолдану туралы бұйрық шығарылған, бірақ қандай да бір себептермен ол орындалмаған, яғни бұл адамдар әлі қамауда отырмаған адамдардың осындай құқығы бар ма деген сұрақ туындайды.

#### ***Сотқа ұсынылатын мәліметтер***

Күзетпен ұстауға берілген шағымдарды қарау кезіндегі ең өзекті және заңмен шешілмеген мәселелердің бірі - күзетпен ұстаудың заңдылығы мен негізділігін тексеру үшін сотқа қандай материалдар жіберу керек деген сұрақ болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінің 147-бабының 2-бөлігіне көрсетілгендей, судья шағым түскеннен кейін қылмыстық қудалау органдарынан қылмыстық істі сұратуы керек, ол сот келіп түскен кезден бастап үш күн ішінде сотқа жіберілуі керек.

Заң шығарушы судьяға тергеу немесе алдын ала тергеу органдарының адамға қатысты күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолдану тәртібін реттейтін барлық қылмыстық процесілік заңнамасының нормаларын сақтауын тексеру туралы міндет жүктеген сияқты. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі 141 және 150 баптары.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 2013 жылғы 20 наурыздағы «Прокурордың күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау, үйқамаққа алу немесе күзетпен ұстау мерзімін ұзарту, үйқамаққа алу санкциясын сотқа шағымдану туралы» нормативтік қаулысында ерекше назар аударылды соттардың қамауға алуды, үйқамаққа алуды қолданудың заңдылығын соттық қарауды жүзеге асыру кезіндегі олардың міндеттемелеріне назар аудару. Бұл жағдайда судья мыналарды анықтауы керек:

- осы адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған ба немесе құқықбұзушылық фактісі бойынша ма;
- күдіктінің іс-әрекеті сараланды ма;
- бұлтартпау шарасын қолдану барысында Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік кодексінің 128 бабындағы негіздер ескерілді ме;
- күдікті деп танудың мерзімдері өтіп кетпеген бе;
- күдіктінің іс-әрекетін саралауда Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі 203 бабының талаптары сақталған ба;
- күдікті немесе айыпталушы күзетпен ұстау, ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесі беріледі ме;
- күзетпен ұстауға рұқсатты уәкілетті прокурордың берген-бермегендігі;
- күдіктіден, айыпталушыдан Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінде көзделгендей күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алар кезде жауап алынды ма;
- күдікті, айыпталушы қылмыс жасалған уақытқа дейін нақты қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа жете ме;
- кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту шарттары орындалды ма және басқа мәселелер шешілуге жатады.

